SARYARQA

19 aqpan
2021 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№7 (8219)

KÚN TÁRTIBI

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛЫСЫ 2-бет

AINA

МЫС БҰЛАҒЫНА – ЖАРТЫ ҒАСЫР 3-бет

KELBET

ӨЗГЕРІСТІ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЙЫҚ! 4-бет

QOǴAM

КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ 5-бет

КӨКЕЙКЕСТІ

ҮЛКЕН ЖОЛДАН ҮМІТ КӨП

немесе Қызылорда жолы қашан салынады?

Республикалық деңгейдегі Қызылорда-Жезқазған автожолының құрылысына қатысты әңгіме жыл сайын көтеріледі. Бірақ, әлі нақты нәтижелі іс болмай отыр. Өткен жылы жол құрылысының жобасына қатысты қаламызда және Талап елді-мекенінде қоғамдық тыңдау өткізілген болатын. Осындай шара Қызылорда жағында да өткізіліп, жиналған жұртшылыққа жолды қайта жаңғыртудың жобасы таныстырылды. Автожолдың бойында мал өсірумен айналысып отырған шаруа қожалықтары аз емес. Соған орай жол бойындағы көпірлер мен суағарлар, мал айдап өтетін жерлер тұрғындар назарына ұсынылып, нақтыланды. Сең қозғалғандай болған осы шаралардан соң көпшілік қауым жол құрылысының басталуын тағатсыздана күтіп, үлкен үмітпен қарауда. Сонымен, стратегиялық маңызы зор күре жолды жаңғырту жөніндегі құрылыс жұмыстары қашан басталмақ? Біз тиісті орындарға сұрау салып, осы мәселені нақтылауға тырысқан едік.

«Қызылорда – Павлодар – Успенка және Ресей шекарасы» деп аталатын республикалық маңызға ие бұл автомобиль жолының дұрысталуы қос өңірдің ғана емес, еліміздің экономикасының өркен жаюына оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Үлкен жолдың жаңғыруы оңтүстік өңірдің еліміздің орталық және солтүстік облыстарымен тікелей қарым-қатынасты жақсартып, автокөлікпен жүк тасымалдауды барынша жандандырады. Мәселен, қазір Қызылорда жағының көліктері Нұр-Сұлтанға 1917 шақырым қашықтықты еңсеріп жететін болса, Жезқазғанға дейінгі жоба ойдағыдай жүзеге асар болса, жол 817 шақырымға қысқарады екен. Ал, жолдың қазіргі жай-күйі туралы жүрген жандар қынжыла айтқанда жылағың келеді. Күз бен көктемнің жаңбырлы лайсаң кездері мен қысқы боран-шашында жолда қалып бейнет шегушілер қаншама. Қашықтығы 420 шақырым болатын автожолдың, әсіресе біздің Қарағанды облысына қарайтын 216 шақырымының басым бөлігі мүлдем сын көтермейді. Мәселен, жолдың тең ортадағы 120 шақырымдай бөлігіне қиыршық тас төселмеген, ой-шұңқырын айтпағанда, батпақтап қалатын жаман жерлері көп. Ал, Қызылорда жағына қарайтын 127 шақырымына асфальт төселген болса, жолдың 60 шақырымы қиыршық таспен нығыздалған. Сонымен қоса, Қызылорда жолшылары жыл сайын өздеріне тиесілі бөлігіне жөндеу жұмыстарын жүргізіп отырады екен. Бергі бөлігінде мұндай жүйелі жұмыстар онша атқарылмайды. Құлатүзбен өтетін күре жолдың бойында ұялы телефон байланысы ұстамайды. Көлігі сынып жолда қалғандарға көмек жасап, паналататын автокемпинг те жоқ. Сондықтан, «Бір жол бар - алыс, алыс та болса жақын, бір жол бар – жақын, жақын да болса алыс» демекші, бұл бағытпен беймезгіл кезде жүруге әркім тәуекел ете бермейді.

Жалпы, Жезқазған – Қызылорда автожолын қайта жаңғырту Үкімет деңгейінде 2002 жылдан бері көтеріліп, жоспарланып келеді. Бірақ, бір жылдары әлемдік экономикалық дағдарыс, тағы бірде Батыс Еуропа – Батыс Қытай автобаны сияқты басқа бір маңызды жобалардың кіріп кетуінен үнемі кейінге шегеріліп келеді. Әлі есімде, 2003 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жезқазғанға келген сапарында «Байқоңыр» қонақүйінің мәжіліс залында бірге жүрген ақпарат құралдары өкілдерімен баспасөз мәслихатын өткізді. Мен ол кезде «Орталық Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі едім. Сауал беру орайы келген соң осы Қызылорда – Жезқазған жолы қашан салынатыны туралы сұрадым. Сол жолы Елбасы ең әуелі ел экономикасына аса қажетті магистральдардың қолға алынатынын, біртіндеп бұл жолға да кезек келетінін байыппен түсіндірді. «Болашақта Қызылордаға теміржол да тартылады» дегенді қосып айтқан еді. Шүкір, сол жолы айтылған теміржолдың ел игілігіне айналғанына да 6-7 жылдың жүзі болды. Ал, жылда айтылғанмен автожолға қол жетпей келеді. Ішектей созылып, елді үміттендірумен ғана шектеліп келе жатқан осы жобаның арғы жағын айтпай-ақ берідегісін қозғар болсақ, «2014 жылы Қызылорда – Жезқазған автожолының құрылысына жобамен мемлекет 10 млрд. теңге қаражат бөлетін болды. Жолды қайта жаңғыртуды 2015 жылы бастау жоспарлануда, қазір тендерге түсетін қуатты мердігер іздестірілуде» деген хабар таратылғанда жұртшылық тағы бір қуанып қалған еді. Содан бері зәрезап болып қалғандықтан ба, биыл басталып қалар деген хабарды тағы естігенімізбен, әлі де бөркімізді аспанға атып қуануға ерте болар деп отырған жай бар. Дегенмен, Қызылорда жағы жақында есеп-қисаптарын алға тартып, жол құрылысының биыл басталатыны туралы бір хабар жариялады.

Осыған орай, біз Жезқазған – Қызылорда жолын жаңғыртуға байланысты жағдайды толық анықтап, жоба барысын нақтылау мақсатымен «ҚазАвтожол» ұлттық компаниясы» АҚ-ның басқарма төрағасы Ұлан Әліповпен хабарласқан едік.

– Қазірде Қызылорда-Жезқазған жолын қайта жаңғырту жобасы жөніндегі жобалау -сметалық құжаттары жасалып, аяқталуға жақындады. ЖСҚ толық біткен соң жоба Үкіметтің үйлестіру кеңесіне ұсынылады. Жобалық-сметалық құжаттар алдағы наурыз айының ішінде мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алады деп күтілуде. Жолдың қайта жаңғырту жүргізілетін барлық 10 учаскесі бойынша мердігерлерді анықтау үшін конкурс өткізіледі. Мердігерлер анықталған соң құрылыс басталады. Әр лотқа бөлінген учаскелер бойынша құрылыс жұмыстарын жолдың екі жағынан бірдей қатар жүргізу жоспарланып отыр, – дейді Ұлттық компания басшысы.

– Ұлан Тоқтарбайұлы, қаржы көлемі мен қаржыландыру көзі белгіленді ме? Сондай-ақ, жол құрылысын жүргізу қанша мерзімге созылады?

– Техникалық-экономикалық негіздеу бойынша 412 шақырым Қызылорда-Жезқазған автомобиль жолын қайта жаңғыртудың болжамдық құны 200 млрд. 126,6 млн. теңге. Жобаны Азия даму банкі мен Еуропа қайта құру және даму банкі қаржыландырады. Құрылысты жүргізу мерзімі 2021 жылдан бастап 3 жылға жоспарлануда. Қайта жаңғыртылған жол екінші дәрежелі деңгейінде болады.

«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» АҚ басшысының осы тұрғыдағы нақты жауабын естіген соң көңілге сенімділік орнағандай болды. Тек енді анау-мынау дағдарыс салқынын тигізбесін дейік. Сәтін салып, Қызылорда жолы салынып жаңа жағдайға жететін болса, Нұр-Сұлтан арқылы еліміздің солтүстік облыстарымен қатар Ресей аймағына да төтелеп жетіп, жүк тасымалы көлемін арттыруға қолайлы мүмкіндік туады. Жол – тіршіліктің қозғаушы күші емес пе. Олай болса, осы автожол арқылы Жезқазған өңірінің де қарым-қатынасы жанданып, экономикалық тынысы мен сауда-саттығына жаңаша леп келері анық. Сондықтан, үлкен жолдан үмітіміз көп.

Амандық РАХҰЛЫ

БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ

Тәуелсіздік – еліміздің ең басты мерекесі. Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының бастауында ел егемендігі жатқанын айтып жатудың өзі артық. Тәуелсіз ел атануымыздың арқасында қазақ деген халықты, олардың егемен мемлекетін әлем елдері таныды. Мойындады.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Көгімізде Тәуелсіздіктің көк туы желбірегеніне, міне, 30 жылдың жүзі болды.Бұл мерзім біреуге аз, біреуге көп көрінер. Дегенмен, осы жылдар ішінде біз жеткен жетістік, біз бағындырған асу көп. Осы жылдар белесінде Қазақстанның экономикасы қарыштап дамыды, саясаттағы сындарлы бағыт та өз жемісін берді. Қолымызға ту еткен бейбітшілік пен ұлтаралық келісіммен өзге алпауыт әлем елдеріне үлгі бола білдік. Жаңа астананың іргетасын қалап, бүгінде ол ірі саяси және экономикалық орталыққа айналды. Елордасы Нұр-сұлтанда әр жылдары ірі геосаяси ұйымдардың маңызды кездесулері, жаһандық экономикалық даму үдерісіндегі күрделі проблемалар мен оларды шешу жолдары талқыланды. Күні кеше ғана Сирия қақтығысы жөнінде өткен келіссөздер бұл сөзімізге дәлел болса керек. Отыз жылдың ішінде атқарылған істерді тізбектеп беру мүмкін емес. Жас та болса біздің Қазақстанда бір мемлекетке жетерлік іс тындырылып, жүзеге асырылды. Экономикалық жағдайымыз тұрақталып, азаматтардың әл-*ауқаты артты. Қазақ мектептері мен балабақшалар көптеп ашылып, денсаулық пен білім беруге баса назар аударылды. Өзге елдермен әріптестік байланысымыз нығайып, саяси, мәдени қарым-қатынасты жолға қойдық. Осы игіліктің барлығы Тәуелсіздіктің арқасында мүмкін болып отыр.

Тәуелсіз ел болғандықтан оның өз заңдары мен талаптары болуы шарт. Осы негізде Ата заң қабылданып, Конституцияға сүйене отыра қоғамдық келеңсіздіктерді реттейтін, адам құқықтарын қорғайтын заң жобалары қабылдана бастады. Қабылданған заңдарды жүзеге асырушы сот билігі де өз біліктілігін көрсете білді. Осыдан отыз жыл бұрынғы сот саласын қазіргімен салыстырар болсақ, айырмашылығы жер мен көктей. Техника мен өркениеттің дамыған заманына тұспа-тұс келген біздің сала да күн өткен сайын қарыштап даму үстінде. Алға қарай ілгерілеу мақсатында судьялар мен сот мамандарына қажетті жағдайлар жасалып, сот мәжілістерін өткізу жаңа форматқа көшірілуде. Атап айтсақ, қазір сот процестерінде заманауи техникалар қолданылады. Отырыстардың аудио және бейне жазбалары жүргізіледі. Одан бөлек әрбір сотқа қатысушы тараптар сот шешімдерімен ғаламтор арқылы таныса алады. Үйден шықпай-ақ, сотқа талап-арыз жіберу мүмкіндігі де қарастырылған. Біздің саладағы осы және басқа да өзгерістер соттың қолжетімділігі мен ашықтығы қағидатын іске асыру жолында жүзеге асырылуда.

Осы кезге дейін тұғыры мықты, экономикасы қуаты Қазақстанның қалыптасуы үшін қаншама тер төгіліп, күш жұмсалды. Біздің ендігі міндетіміз – сапалы білім алу, ел ертеңін ойлау, жауапкершілікті сезіну, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу. Осы жолда бізге ең керегі – ел бірлігі. Ауызбіршіліктен ажырамай, ата-баба арманы болған Тәуелсіздікті бағалап, ұлттық мүддені қорғау баршаға ортақ парыз екенін ұғынуымыз керек. Тәуелсіз Қазақстанның тұғыры қашанда биік, ертеңі бүгінгіден де жарқын болсын!

Фатима СҮТТІБАЕВА,
Жезқазған қалалық сотының жетекші маманы

ВАКЦИНАЦИЯ: КІМ, ҚАЛАЙ ЕКПЕ АЛАДЫ?

Вакцинациялаудың негізі екі себебі – өзіңізді және айналаңыздағыларды қорғау. Вакцинация денсаулық жақсы кезде ғана жүргізіледі, аурудың белгілері болған кезде вакцинация жүргізілмейді. Бүгін екпеге қатысты тұрғындар арасында жиі туындайтын сұрақтарға жауап беруді жөн көрдік.

Екпе салу тегін бе?

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында вакцинация тегін егіледі.

Вакцинация вакцинаның түсуіне байланысты кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Бұл ретте, бірінші кезекте, коронавирустық инфекцияны жұқтыру және тарату қаупі жоғары халықтың осал топтары вакцинацияланып, одан әрі иммундауға жататын халықтың қалған топтары қамтылатын болады.

Ең алдымен, халықтың осал топтары коронавирус инфекциясына қарсы екпе салдыруға тиіс, олар коронавирус инфекциясын жұқтырып, таратуға бейім болып келеді, одан әрі иммундауға жататын халықтың қалған топтары қамтылады.

Бірінші кезеңде жұқпалы аурулар ауруханасының, жедел медициналық көмек, реанимация, МСАК, қабылдау бөлмелерінің медицина қызметкерлері, санэпидқызмет қызметкерлері екпе салдыратын болады.

Екінші кезеңде жалпы білім беретін мектептердің, жоғары оқу орындарының педагогтары, бірінші кезеңге кірмеген медициналық қызмет қызметкерлері екпемен қамтылады

Үшінші кезеңде мектеп-интернаттардың, мектепке дейінгі мекемелерінің педагогтары, студенттер мен созылмалы аурулары бар адамдар екпе салдыртады.

Ең алдымен, халықтың осал топтары коронавирус инфекциясына қарсы екпе салдыруға тиіс, олар коронавирус инфекциясын жұқтырып, таратуға бейім болып келеді, одан әрі иммундауға жататын халықтың қалған топтары қамтылады.

Бұдан басқа кейіннен халықтың қосымша осал топтарын қоса отырып, контингентті кеңейту жоспарлануда.

Вакцинаны салуға қарсы көрсетілімдер:

Құрамында ұқсас компоненттері бар вакцинаның немесе вакцинаның қандай да бір компонентіне аса жоғары сезімталдық.

Ауыр аллергиялық реакция беретін жағдайдың болуы.

Жүктілік және бала емізу кезеңі.

18 жасқа дейін және 65 жастан жоғары (тиімділік және қауіпсіздік туралы деректердің болмауына байланысты).

II компонентті салу кезінде: вакцинаның I компонентін салған кезде вакцинадан кейінгі ауыр асқынулар (анафилактикалық шок, ауыр генерализацияланған аллергиялық реакциялар, құрысу синдромы, дене қызуының көтерілуі және т.б.

Бұған қоса, ауыр аллергиясы барларға, бүйрек пен бауырдың созылмалы ауруларына шалдыққандарға, қант диабеті барларға, эпилепсияға шалдыққандарға, қатерлі ісікпен ауыратындарға, инсульт алғандарға, жүрек-қан тамыр ауруына, иммун тапшылығына шалдыққандарға, астмамен, өкпесі ауыратындарға екпе салынбауы мүмкін. Бұл дертке шалдыққандарға вакцина егуге болады, бірақ оған дәрігердің рұқсаты керек.

►► 5-бетте

SARYARQA-АҚПАРАТ

Жоғары сот төрағасы мен судьясына қойылатын талаптар өзгереді

Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заң жобасы қабылданды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қабылдау және оны 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізу сот жүйесінің жұмысына түзетулер енгізуді талап еткен.

– Қазіргі конституциялық заңда белгіленген қолданыстағы құрылымы әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің міндеттеріне толық көлемде жауап бермейді. Сондықтан заң жобасына екі блоктан тұратын түзету енгізілді. Біріншіден, Жоғарғы сотта әкімшілік істер бойынша сот алқасын құру ұсынылады. Қазіргі мамандандырылған сот алқасы таратылатын болады. Облыстық соттарда да тиісті сот алқалары құрылады, – деді заң жобасы жайлы баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Қанат Мусин.

Оның айтуынша, сот жүйесіне өңірлерде істердің бөлінуіне байланысты үнемі өзгеріп отыратын жағдайға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

– Бұл заң жобасында мемлекет басшысы тағайындауға ұсынатын Жоғарғы сот төрағасы және Жоғарғы сот судьялары лауазымына кандидаттарға қойылатын талаптарға қатысты өзгерістер енгізіледі. Аталған түзетулер елдің Жоғарғы сот органына құқықтың мамандандырылған салаларында көп тәжірибесі бар көрнекті заңгерлерді тартуға бағытталған. Бұл неғұрлым даулы істер бойынша сот төрелігінің сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және бүкіл сот жүйесіне оң әсерін тигізеді,– дейді депутат.

Осы түзетулер тек Президент ұсынған кандидаттарға ғана қатысты.

Ұлттық қордан бөлінетін қосымша трансферт шектеледі

Премьер-министр Асқар Мамин Nur Otan партиясы парламенттік фракциясының кеңейтілген отырысында Ұлттық қордан бөлінетін қосымша трансферт шектелетінін айтты.

– Жол картасының үшінші бағыты экономика мен өңірлерді тұрақты дамыту бойынша 117 шара жүзеге асырылады. Тұрақты сапалы экономикалық өсім экономиканы әртараптандыру мен макроэкономикалық саясаттың жүйелілігі, инвестиция тарту, экспортты таргеттік ілгерілендіру аясында қамтамасыз етіледі. Бюджеттің қаржысы оңтайландырылып, Ұлттық қордан бөлінетін қосымша трансферт шектеледі, – деді Мамин.

Ол атағандай, экономиканы әртараптандырудың жаңа тәсілдері аясында 2025 жылы бюджеттің мұнай тапшылығы 6 пайызды, жалпы тапшылық 3 пайызды құрайды.

– Инфляция деңгейін төмендету кезеңмен жүзеге асырылады. 2025 жылы 3-4 пайызды құрауы керек. 2025 жылы жыл сайынғы экономиканың өсімсін 5 пайызға жеткізу қажет. Биыл экономикалық өсім 3 пайыз деңгейінде жүзеге асырылады. Инвестиция тарту бойынша жаңа тетіктер аясында 2025 жылға дейін инвестиция көлемі 30 млрд теңгеге артады, – деді ол.

Айта кетейік, Nur Otan партиясы парламенттік фракциясының кеңейтілген отырысында партияның «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» Сайлау бағдарламасын орындаудың Жол картасын талқыланып жатыр.

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ: МЕМЛЕКЕТ МЕЦЕНАТТАРҒА ЖҮГІНЕ БЕРМЕУІ КЕРЕК

Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Ұлықбек Есдәулет балалардың кітап оқуын дамыту – бұл әдебиетті дамыту деген пікірде. Ол ОКҚ-де өткен брифингте елімізде комикс саласы дамымай тұрғанын айтты.

– Биыл әдебиет жылы болайын деп тұр – Жамбыл атамыздың 175 жылдығы, Қасым Аманжоловтың 110 жылдығы, Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығы, Олжас Сүлейменовтің 85 жылдығы. Биыл осындай мерейтойлар аз емес. Мұның бәрі айналып келгенде әдебиеттің тойы. Демек, әдебиет туралы сөз болады, – дейді ол.

Балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылын жариялап, оқу мәдениетін қалыптастыруға, балаларды рухани тәрбиелеуге Мәдениет және спорт министрлігі жол ашып жатыр.

– Балалардың кітап оқуын дамыту – бұл әдебиетті дамыту деген сөз. Сондай-ақ жазушыларға қолдау көрсетіп, мүмкіндіктерін де ашады. Бәріміз бала кезімізден кітап оқып өстік. Мысалы, мен ең алғаш рет оқыған Тұрсынбаевтың «Қуыршақ» деген кітабын өмір бақи ұмытпаймын, – деп атап өтті жазушы.

Оның сөзінше, баланың эстетикалық тәрбиесі, ұлттық мүддеге ұмсынуы, халқының рухани уызынан жарып, тәрбие алып өсуі кітапқа байланысты.

– Қазіргі заманда кітапты оқу қаншалықты дамып келеді? Осы орайда ойға алатын мәселелер аз емес. Шетелдік кітаптар да кезінде аударылып тұрды. Мұның бәрі есімізде. Кейде балалар оқымаған кітаптарын экраннан көргенде ғана соны оқығылары келеді. Гарри Поттер соның бір мысалы, – деп айтты Ұлықбек Есдәулет.

Сонымен қатар, дамымай келе жатқан саланы да атады.

– Бізде комикс саласы дамымай тұр. Балалар шетелдік комикстерді көреді. Өзіміздің классикалық шығармалардың желісімен суретші, безендірушілерімізге осындай дүниелерді жасатуға болады ғой?! Балалар әдебиетін дамытуға арналған бірнеше конкурс ұйымдастырылуы керек, – дейді ол.

Жыл сайын елордада өтетін Еуразия кітаптарының көрмесі пандемияға байланысты өткізілмеді.

– Демеуші, меценаттарға жүгіне бермей, мемлекет шығармаларға тапсырыс беріп, қолдау көрсетіп, шығарып отырса деген ойымыз бар. Балалардың кітабын шығаруға мемлекет қаржы бөліп жатса, енді ол кітаптарды кім сатып алады? Оны сатып алатын кітапхананың ақшасы болуы керек. Сондықтан кітапханаларға балалар кітабын сатып алуға қаржы бөлінуі керек. Одан бөлек, кітапханалардың көрмесі болуы керек. Ол республикалық, халықаралық көрме. Балалар кітапханасы барлық облыста бар деп айта алмаймын. Алматыда, Нұр-Сұлтанда болар. Менің ойымша, әр облыста балалар кітапханаларын ашуды қарастыру керек, – деп айтты Ұлықбек Есдәулет.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛЫСЫ

аппарат отырысында сөз болды

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаровтың төрағалығымен әкім орынбасарлары мен мемлекеттік мекеме басшыларының қатысуымен аппарат отырысы өтті. Қаланың кәсіпорын мен мекеме басшылары жиналысқа «Zoom» платформасы арқылы қосылды. Күн тәртібіне көшпес бұрын қала басшысы «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің Жезқазған қаласындағы өкілдігінің жетекшісі және Жезқазған қаласы әкімінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі болып «Жезказганский вестник» газетінің редакторы Эльвира Алпанбаева ұсынылғанын хабарлады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 26 қаңтарда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларында бірнеше маңызды мәселелерге ерекше назар аударды. Олар: экономикалық белсенділікті қолдау, жұмыспен қамту мәселесі, жүйелі саясатты қайта баптау, салалық саясат, тұрғын-үйдің қолжетімділігін арттыру, білім беру жүйесін дамыту. Бүгін біз осы мәселелерді кеңінен қарастырамыз, – деген Қайрат Бектайұлы аппарат отырысының күн тәртібінде ел Президенті тапсырмаларын орындау мен көктемгі су тасқынына дайындық барысы қаралатынын жеткізді. Алғашқы сұрақ бойынша мемлекеттік мекеме басшылары баяндама жасады. Алғаш болып мінберге шыққан қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Виктория Ставицкая Жезқазған қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына шолу жасады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде мемлекет дамуының жеті басымдығын айқындап бергенін, сонымен қатар, тартылатын инвестиция көлемі мен қазақстандықтардың табысын арттыру міндетін қойғанын тілге тиек еткен ол 2020 жылдың қорытындысы бойынша қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері орындалғанын жеткізді. 2021 жылдың көрсеткіштерін болжаған Виктория Александровна биыл өнеркәсіпте 620 млрд теңгеге, ауыл шаруашылығында 6,9 млрд теңгеге өнім өндіріліп, инвестиция көлемі 39,1 млрд теңгеге жетеді деп жоспарлады. Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылған 14 мыңнан аса тұрғын 36 млрд теңге өнім шығармақ. Жалпы, 2021 жылы 1 мың жаңа жұмыс орны ашылып, қала экономикасы 2,1 пайызға ұлғайып, 25,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, бюджетке салықтан 100 млн-нан астам қаржы түседі деген жоспар бар.

Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есеп берген қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының м.а. Жанат Мейрамғалиеваның сөзінше, биыл «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы аясында 45 жоба, «Еңбек» бағдарламасы аясында 10 жоба, «Қарапайым заттар экономикасы» бойынша 5 жоба мемлекеттен қолдау көріп, 200 тұрғын бизнестің негіздерін меңгереді. Егіс алқаптарын кеңейтіп, мал басын көбейтуді мақсат еткен Жанат Тұрсынғалиқызына ауыл шаруашылық өнімдерді өңдеу бойынша нақты шаралар жоспарын құру тапсырылса, тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ету жолында Жезқазғанда салынып жатқан тұрғын үйлер бойынша есеп берген Мәруа Келмағанбетоваға құрылыс жұмыстарының сапалы орындалуын бақылау жүктелді. 2021 жылы 78 пәтерлі 2 көппәтерлі тұрғын үй (Алашахан көшесі, 34 К (60 пәтер) және Байқоңыров көшесі 28А (18 пәтер) және 88 пәтерлі 2 жалға берілетін көппәтерлі тұрғын үй (Алашахан көшесі 34 және (30 пәтер), Алашахан даңғылы 34-үй (58 пәтер) пайдалануға қабылданады деп күтілуде. Жезқазған қаласы бойынша тұрғын үй алу тізімінде барлығы 2450 азамат тіркелген.

Жұмыссыздық деңгейін төмендету бағытында мемлекеттік бағдарламалардың алар орны ерекше. 2021 жылы мемлекеттік бағдарламалар аясында қала бойынша 2 017 жұмыс орны құрылатыны, оның 60%-ы тұрақты жұмыс орындары екенін алға тартқан жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә Әлкебаеваға пандемия салдарынан жұмыссыз қалған тұрғындарға қатысты ұсыныстар әзірлеу міндеттелсе, білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетовке білім сапасын арттыру мен балаларды жазғы демалыста сауықтыру бойынша бірқатар тапсырма берілді.

Бюджет қаржысын үнемдеу мен мемлекеттік сатып алу конкурсы кезінде мердігерлерге отандық өнімді қолдану талабын күшейту бойынша орынбасарлары мен мемлекеттік мекеме басшыларына тапсырма берген қала әкімі Жезқазған қаласының ТЖ басқармасы басшысы Ляззат Төлеуғалиева мен тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетовтің су тасқынына қандай дайындық жасап жатқанын тыңдады. Бүгінде су тасқыны Қостанкелді елді-мекені мен Теректі, Түйемойнақ стансасы мен Малшыбай ауылы тұрғындарына қауіп төндіріп тұр. Осы орайда Қайрат Әбсаттаров бірде бір тұрғын мен бірде бір мал судан зардап шекпеуі тиіс деген қатаң талап қойды.

Диана ОРАЗАЛИНА

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДАҒЫ РЕФОРМАЛАР – ТАБЫСТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ КЕПІЛІ

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында квазимемлекеттік секторды реформалау қажеттігі туралы мәлімдеді. Жезқазған қаласының квазимемлекеттік секторында бүгінгі күні коммуналдық меншіктегі 28 ұйым жұмыс істейді, олар – мемлекеттік органдар, коммуналдық мемлекеттік мекемелер, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар, «Сарыарқа газетінің редакциясы» ЖШС, «Дидар» Жезқазған қалалық телерадио хабарларын тарату дирекциясы» ЖШС және «Жылумен сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ.

2015 жылдан бастап объектілерді бәсекелес ортаға беру бойынша шаралар қабылдануда, соның нәтижесінде бюджет кірісіне қосымша 48,5 млн.теңге түсті. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Полигон» ЖШС үш сауда-саттықтан кейін таратылуға жатты және ҚР ӘМ Қарағанды облысы Әділет департаментінің Жезқазған қаласы Әділет басқармасының 2019 жылғы 6 мамырдағы №03-7/77-26 бұйрығымен өз қызметін тоқтатты.

Сондай-ақ, «Қалалық автожолдар басқармасы» КМК ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қаулысына сәйкес сатылымға шығарылды, өтінімдердің болмауы себебінен сауда-саттық үш рет өтпеді деп танылды. Қазіргі уақытта жекешелендіру Ережелеріне сәйкес нысан жою сатысында тұр.

Квазимемлекеттік секторды басқару бойынша жүргізіліп жатқан реформа шеңберінде 2020 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29 желтоқсандағы №908 қаулысымен жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған жаңа кешенді жоспары бекітілді. Жезқазған қаласы бойынша Кешенді жоспарға үш заңды тұлға енгізілген және Жол картасы бойынша жекешелендіру 2025 жылғы қыркүйекке жоспарланған.

Сондай-ақ, мемлекеттік мүлік сенімгерлік басқару және мүліктік жалдау шарттары негізінде пайдалануға беріледі.

Бұл ретте, объектілерді беру шарттарын баланс ұстаушы айқындайды.

Бүгінгі күні коммуналдық меншіктің 8 объектісі кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға берілген, оның ішінде:

1. 110/35/6 кВ ГПП-дан ӘЖ-10 кВ және «Қалалық» Кеңгір селосындағы құс фабрикасына дейін;
2. «Ютария LTD» ЖШС тігін цехына инженерлік желілер;
3. Көп қабатты үйлердегі лифт жабдықтары – 13 бірлік;
4. Саны 59 бірлік контейнерлері бар контейнерлік алаңдар;
5. Гагарин көшесі, 25-үй ғимараты, 1-қабат;
6. Есенберлин к-сі, 47, 1-қабат үй-жайы;
7. «Жылумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ;
8. Қатты тұрмыстық қалдықтар полигонындағы қоршау және бульдозер.

Сенімгерлік басқаруға беру қағидаларына сәйкес сенімгерлік басқарушылар жыл сайын белгіленген нысан бойынша есеп беріп отырады.

Коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалдауға беруге баланс ұстаушылардың артық және пайдаланылмайтын объектілер туралы ақпараты негіз болып табылады, ол бекітілген нысанға сәйкес ұсынылады.

2020 жылы коммуналдық меншік объектілерін жалға беруден түскен кірістер бойынша жоспар 5 644 мың теңгені құрады, жыл қорытындысы бойынша бюджетке нақты 5 770 мың теңге түсті, жоспардан тыс түскені 126 мың теңге.

2021 жылға арналған бекітілген бюджетте коммуналдық меншік объектілерін жалға беруден түсетін кірістер бойынша жоспар 12 249 мың теңге сомасында айқындалған. Жыл басынан бері 29 мүліктік жалдау шарты жасалып, соған сәйкес 803,1 ш.м. бос алаңдар жалға берілді, айлық жалдау ақысының жалпы сомасы 608,8 мың теңге.

Мемлекет бақылайтын ұйымдар Даму жоспарларын және бекітілген есептерді мемлекеттік мүлік тізіліміне орналастырады. Құрылтайшылар ведомстволық бағынысты ұйымдардың даму жоспарларының орындалуына мониторинг жүргізеді.

ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес таза табыстан түсетін дивидендтердің мөлшері белгіленген, оның ішінде акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін – 50%, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар бойынша 3 млн.теңгеге дейін – 5%. 2019 жылдың қорытындысы бойынша бюджетке 178,5 мың теңге сомасында дивидендтер түсті.

Ербол ҚҰСАЙЫНОВ,
Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

1989 жылы 15 ақпанда Кеңес әскерінің соңғы легі Ауғанстан жерінен шығарылды. Биыл 32 жыл толып отырған осы оқиғаны жезқазғандық ауған соғысына қатысқан жауынгерлер де ерекше толғаныспен еске алды.



Жезқазғанда жалпы 117 ауған соғысына қатысқан жауынгер болса, бүгінде оның 86-сы ғана ортамызда. Олардың 5-еуі ауған жерінде ерлікпен қаза тапса, 21-і елге оралғаннан кейін дүниеден өткен.

Соғыс қасіретін еске алып, батырлар рухына тағзым ету мақсатында боздақтарға арналған ескерткіш маңына қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапанов пен ардагер жауынгерлер және қала тұрғындары жиналды.

– Жат елде өткен зұлматты жылдарда мемлекет мүддесін өз мүддесінен биік қойып, тыныштық үшін күрескен барша ауған соғысына қатысқан жауынгерлердің еңбегі орасан. Бейбітшілік жолында жандарын құрбан қылған Асылбек Мамажанов, Ғибадат Құттыбаев, Виктор Тарадай, Манарбек Сансызбаев, Олег Морозов сынды жерлестеріміздің есімдері мен ерлікке толы өмір жолдары ешқашан ұмытылмақ емес. Олар – бүгінгі ұрпақ үшін мәңгі үлгі, – деген қала әкімі орынбасарының сөзін одан әрі Жезқазған қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма басшысы Әсет Түсіпбеков жалғады.

– Жыл сайын осы күні ауған соғысына қатысқан интернационалист жауынгерлердің ерліктері ерекше құрметтеліп, мән-маңызы арта түседі. Сондай-ақ, 15 ақпанда көптен кездеспеген қанды көйлек қаруластарымыз бір-бірімен жүздесіп, түрлі форматтағы кездесулерге қатысып, өскелең ұрпақтың бойына патриоттық тәрбие беруге үлес қосуда. Өздеріңіз білетіндей биыл қауіпті індеттен қорғану мақсатында кең көлемдегі шараларға мүмкіндік болмады. Біз мұның бәрі аурудан сақтанудың амалы екенін түсінеміз. Болашақта атқаруға тиіс біраз жоспарларымыз бар. Жақсы күндердің алда екеніне сенеміз, – деген ауған соғысы ардагерлері одағының төрағасы Ақылбек Аманов жыл сайын қатарлары сиреп бара жатқан қарулас достарын үлкен сағынышпен еске алды.

Бір минут үнсіздіктен соң ескерткішке гүлшоқтарын қою рәсімімен жалғасын тапты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

«ZHEZSTARTUP» ЖОБАСЫ

болашақ жас кәсіпкерлерді анықтайды

Біздің елде, оның ішінде мысты шаһарда өз кәсібін ашпаққа ниетті жастарға қолдау қай кезде де көрсетіледі. Соның бір дәлелі – «ZhezStartUP» жобасы. Жезқазған қаласы әкімдігі, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Алматы қаласының Жоғары бизнес мектебінің бірлесуімен Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің бизнес-инкубатор залында ұйымдастырылып отырған шараға өтінім қабылдау 15 ақпаннан басталса, іріктеу туры 18 ақпанда өтті. Іріктелген жобалар 20 ақпан күні «ZOOM» платформасында қорғалып, байқау қорытындысы шығады. Стартап жобалар байқауына қаламыздағы қандай да бір бизнес түрін ашу жоспары бар жоғары сынып оқушылары, мектептен кейінгі білім беру ошақтарының студенттері мен магистранттары қатыса алды.

Осы тұста аталған шараның негізгі ұйымдастырушысы Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің Қазақстан тарихы экономика және құқық кафедрасы екенін айта кеткен жөн.

12-13 ақпан күндері стартап жобалар иелеріне арналған оқыту семинарлары мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Оған Қазақстан тарихы экономика және құқық кафедрасының оқытушылары э.ғ.к., доцент Ақбаян Нұртазинова мен э.ғ.м., аға оқытушы Бағдат Акубаева, Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының маманы Ізтөлеу Түсіпов, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңесшісі Шолпан Талап, Қарағанды Қазтұтыну одағы экономикалық университетінің доктаранты, кәсіпкер, бизнес-тренер Татяна Драх және Алматы қаласы Жоғары бизнес мектебінің қаржы сарапшысы Ақболат Жалғасбек қатысып, жас кәсіпкерлерге ақыл-кеңестерін беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

– Қаланың дамуы үшін шағын және орта бизнеске қолдау білдіру аса маңызды. Осы тұста біздің қаламызда да тұрғындар тұрмысына қажетті, нарық сұранысына ие жаңа бизнес орталықтарын көптеп ашуымыз қажет деген ойдамын. «ZhezStartUP» жобасының ұйымдастырудың негізгі мақсаты да – осы. Бүгіннің өзінде 70-ке жуық стартап жоба келіп түсті. Біз олардың арасынан ең үздік дегендерін іріктеп алатын боламыз. Байқау жүлдесінен бөлек жас кәсіпкерлерге қолдау көрсететін инвесторларды тауып беру ойымызда бар, – деген Ақбаян Нұртазинова бүгінгі таңда байқауға дайындық қызу жүріп жатқанын жеткізді.

Жоба аясында бизнес жобасы үздік деп танылған жастарға I орынға 50 000 теңге, II орынға 30 000 теңге, III орынға 15 теңге сыйақы берілмек.

Ай СҮГІР

Тәуелсіздігімізбен бірге өркендеп, қанатын кеңге жайған «Қазақмыс» корпорациясы еліміздегі түсті металлургияның көшбасшысы екені белгілі. Оның құрамындағы басты буындардың бірі – Жезқазған мыс қорыту зауытының ел экономикасын дамытудағы алатын орны зор. Өткен жылдың қорытындысында «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 258,360 мың тонна катод мысын өндірді. Бұл жоспарлы көрсеткіштен 745 тоннаға артық. Сонымен қоса, 5 950 килограмм алтын құймасы, 262 184 кило түйіршіктелген күміс өндіріп, жоспарды асыра орындады. Осы көрсеткіштерде Жезқазған мыс қорыту зауытының қомақты үлесі бар. Биылғы жыл Жезқазған металлургтері үшін ерекше жыл. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңындағы екпінді еңбек дәстүрі кеңінен өріс алса, зауыттың алғашқы мыс балқымасын алғанына осы аптада 50 жыл толады. Біз осы айтулы оқиғалар қарсаңында арнайы барып, мыс бұлағын ағызған өндірістің тіршілік тынысымен танысқан едік.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

МЫС БҰЛАҒЫНА – ЖАРТЫ ҒАСЫР

Алғашқы мыс балқымасын бергеніне жарты ғасыр толып отырған қуатты өндіріс ошағының тарихына сәл тоқталып өтсек артық болмас. Жезқазған мыс қорыту зауытының құрылысы 1966 жылдан бастап жүргізілген болатын. Құрамында штейнге бай кремнийлі мыс концентратын электр қуатымен балқытуға негізделген зауыт технологиясын Кеңес одағының сол кезеңдегі ең озық ғылыми-зерттеу институттары саналатын «Вниицветмет», «Гинцветмет», «Гипрохим» мамандары жасаған. Бас жобалаушысы ретінде әрі негізгі жұмыс көлемін Гипроцветмет орындаған еді. Жаңа зауыттың металлург кадрлары Одақтағы түстіметаллургияның салалас кәсіпорындарынан, соның ішінде Алмалық, «Печенганикель», Балқаш, Норильск кен-металлургия комбинаттары мен Пышма мыс-электролит зауытының мектептерінен жақсы тәжірибе жинақтап келіп іске кіріскен-ді. Мыс қорыту зауытының бірінші кезегі 1971 жылы іске қосылып, 23 ақпан күні тұңғыш мыс балқымасы алынды. Жаңа зауыттағы тұңғыш катод мысы В. Азановтың ауысымында алынса, алғашқы қара мысты Ж. Ыбыраевтың ауысымында аға конверторшы С. Елемесов балқытты. Сондай-ақ, 1973 жылдың 21 ақпанында электр пеші іске қосылып, алғашқы штейн конверторға құйылды. Ал, 1977 жылы желтоқсан айында күкірт қышқылы цехының төртінші жүйесі пайдалануға беріліп, зауыт толық қуатына көшті. Еліміздегі түсті металлургияның алып өндірісінің шежіресі осылайша жазылып, заман көшімен бірге бүгінге дейін сәтімен жалғаса түсуде.

«Елу жылда ел жаңа» демекші, жарты ғасыр ішінде мыс қорыту зауыты талай өркенді өзгерістерді бастан өткеріп, биік белестерді артқа тастады. Экономикалық дағдарыс қыспағынан тоқтап қалған кезін де көрдік. Негізінен өндірісте әр жылдарға тән іргелі қайта құрулар мен жаңғырулар болды. Жезқазғанның аты сары алтындай сапалы мысымен әлем елдеріне танылды. Мыспен қатар мұнда ілеспе өнім ретінде алтын, күміс және сирек металдар да өндіріледі. Кенді өңірдің өсу жолымен өзектес кәсіпорынның ырғақты жұмысы арқасында мысты қала тұрғындарының дені осы салада еңбек етіп, өсіп жетілуде. Зауыт қабырғасында балқыту ісінің небір майталман шеберлері шыңдалып, металлургтердің тәжірибеге бай іргелі мектебі қалыптасты. Өндірістегі жақсы дәстүрлер жалғасып, қанат жайып келеді. Елужылдыққа байланысты екпіндей келген журналистерді қарсы алған мыс қорыту зауытының аппарат басшысы Силар Қияқбаев металлургтер арасында еңбек әулеттерінің орны айтарлықтай елеулі екенін атап өткен еді. Айтса айтқандай, зауыт басшылығы бүгінде өндірістегі 18 еңбек әулетінің есімдерін құрметпен атайды. Олардың арасында жалпы еңбек өтілі 65 жылдан асатын Доспановтар әулетін бүгінде екінші және үшінші дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісінің иегері, озат балқытушы Әбдірашит Қойшыбекұлы бастап отыр. Ал, зауытта ағайындылардың бесеуі бірдей еңбек ететін Дүйсенбаевтар әулетінің төртеуі – Арыстанбек, Жасұлан, Ибрагим, Гүлнара балқыту цехында істесе, Эльмира мысты электролиздеу цехында аппаратшы-гидрометаллург болып жұмысын абыроймен атқаруда. Бұл әулеттің жалпы еңбек өтілі 82 жыл. Сондай-ақ, еңбек өтілдері 63 жылдан асатын Демесіновтер әулеті, 71 жылдық өтілі бар Төкіровтер, 94 жыл еңбек өтілі бар Черноусовтар, өтілдері 101 жыл болып ғасырға ұласқан Қордашевтар әулеті сияқты зауыт тарихымен бірге жасасып келе жатқан майталмандар қатары мұнда аз емес. Озаттардың біразының еңбек тынысына цехта болғанда одан әрі қаныға түстік.

Балқыту цехы – зауыттың күрделі де басты буындарының қатарында. От ойнатып, мыс балқытқан кәнігі металлургтер шоғырланған бұл цехта бүгінде 418 адам еңбек етеді екен. Негізгі қызметі бас инженерлік болған Елмұрат Әбуов цех бастығының міндетін атқарып отыр. Келген шихтаны тоқтаусыз балқыту үдерісі осында жүзеге асады. Штейнді конверторлау жолымен қара мыс алынатын өндірістің бұл басты буынына электро пеші, конвертор учаскелері мен анод бөлімшесі қарайды. Балқытылған қара мыс анод бөлімшесінде тазартылып, сапасы 99,4% деңгейіне жеткізілген соң электролиз цехына жөнелтіледі. Ол жақта мыс құрамындағы күміс, алтын сияқты бағалы металдар айрылып алынып, түпкілікті өнім – сапалы мыс нарыққа жол тартады. Балқытушылар ұжымы өткен жылдың жоспарлы тапсырмасын ойдағыдай орындапты. Сонымен қатар, жабдықтарды жаңарту мен жөндеуге қатысты да ауқымды жұмыстар атқарылған. Кен-термикалық пешіне күрделі жөндеу жүргізіліпті. Ауысымда жүрген балқытушылардың бірі Нұрболат Искаков жұмыс орнында кездесті. Ол осыдан үш жыл бұрын ҚарМТУ-дің металлургия факультетін бітіріп келген жас мамандардың бірі екен. Тәжірибелі металлург Марат Елекеновтың тәлімгерлігімен мыс балқытудың қыр-сырын ойдағыдай үйреніп, қазір 4-ші разрядты балқытушы болып жүр. Цехта тәжірибелі мамандар көп. Солардың бірі басқару пультінің операторы Қарлығаш Орынбаева 29 жылдан бері жұмыс істейді. Пештің қуаты, конвертордың қызу мөлшері, анодтың шығуы сияқты балқыту үдерісіне қатысты барлық көрсеткіштер мен ақпараттар осы басқару операторы арқылы жинақталып, соған орай жедел шешімдер жасалады.

От-жалынға оранып, қара мысты тазартып қалыпқа құюмен айналысып жатқан анод бөлімшесі еңбеккерлерінің де жұмысын көзбен көрдік. Қарбалас қимылға берілген жандардың көп тілдесуге мұршасы да жоқ. Жұмыстың әр сәтіне байланысты мұнда уақыт тығыз, әркім өзіне тиесілі міндетін мұқият атқаруы керек. Осыған орай анодшылардың еңбек тынысы жайлы бөлімше бастығы Айдар Анарбековпен әңгімелестік. Ол зауыттағы еңбек жолын 2002 жылы электропеште балқытушы болып бастапты. Одан соң тәжірибе жинақтай келе аға шебер сияқты жолдардан өтіп, анод бөлімшесін басқарғанына екі жарым жылдай болған екен. Өз саласындағы жұмыс жағдайларын бес саусақтай жетік білетіні аңғарылады. Мұнда негізінен балқытылған металды қалыпқа құюшылар мен кран машинистері еңбек етеді. Бөлімшедегі 112 еңбеккер қатарында өз ісінің шеберлері мен озаттары аз емес. Айдар Әуелханұлы олардың біразының есімдерін аса ризашылықпен атап өтті. Балқытушылар бригадирі Марат Елеукенов, балқытушылар Болат Айдаболов, Берік Ақпанбетов, Бейбіт Ахметбеков, металл құюшылар Қанат Алиакпаров, үшінші дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісінің иегері Кенжемұрат Қазбеков, кран машинистері Ибрагим Токиров, Болат Бегімбеков, жас мамандар Мадияр Байқоңыров, Сұлтан Ботжанов сияқты алғы шептен көрініп жүрген екпінді еңбек иелері баршылық. Бұлардың барлығының ортақ мақсаты анодтағы қара мысты тазартып шақпақ мысқа айналдыру, тиісті қалыпқа құйып таза мыс алу үшін өндірістің келесі буынына тоқтаусыз жөнелтіп отыру. Осы міндетін шағын ұжым шашаусыз атқаруда.

Жалпы саусақтың саласындай тармақталып, бір-бірімен тығыз байланысып жатқан зауыт өндірісінің қай жеріне барсаңыз да қарбалас тіршілік пен қайнаған еңбекті көресіз. Барлығы ақаусыз жұмыс істеп, сапалы өнім өндіруге тығыз жұмылған. Он жылдай тоқтап тұрған екінші пеші 2019 жылдың қарсаңында іске қосылғаннан бері мыс зауыты толық қуатында жұмыс істеп тұр. Осыған орай жаңа жұмыс орындары ашылып, қосымша адамдар алыныпты. «Қазақмыс» корпорациясының инвестициялық жобаларына сәйкес жыл сайын өндіріс технологияларын жетілдіріп, жабдықтарды жаңартуға қатысты біршама жұмыстар атқарылуда. Алдағы үлкен міндеттердің бірі ретінде күкірт қышқылы цехын қайта жаңарту жобасын айтуға болады. Бұл жоба жүзеге асқан жағдайда өңірдің экологиялық ахуалы жақсара түседі деп күтілуде. Іргелі ұжым алдағы уақытта да белгіленген межелерінің абыроймен орындаларына толық сенімді.

Амандық РАХҰЛЫ

Суретте: **Балқыту цехының майталмандары.**

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ержан ЕСЕТОВ:

ЖАУАПСЫЗ МЕРДІГЕР, САПАСЫЗ ЖҰМЫСПЕН КҮРЕСЕМІЗ

Бүгінде қала шаруашылығына айтылатын сын көп. Коммуналдық сала қызметіне көңілі толмайтын тұрғындардың ренішін орынсыз дей алмаймыз. Дегенмен, жауапты мекемелер тарапынан атқарылып жатқан ауқымды шаруаларды да жоққа шығару қисынсыз. Сондықтан, ауыз судан бастап, жылу, жарық, аула тазалығы мен тұрғын үйлердің жағдайына, сонымен қатар, шаһардың шырайы мен жолдардың жөндеуіне, абаттандыру мен жасылдандыруға жауапты мемлекеттік мекеменің жұмысын іштен көріп, биылға жоспарлаған межелі істерімен танысып қайтуды жөн көрдік. Жұмыс уақыты аяқталғанына екі сағаттан асып кеткеніне қарамастан Жезқазған қаласы тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің қызметшілері басшысы Ержан ЕСЕТОВ бастап төрт көзі түгел қызу жұмыс үстінде отырғанының куәсі болдық.

– Ержан Жағыпарұлы, жезқазғандықтарды алаңдатқан өзекті сұрақтарға жауап беруге уақыт бөлгеніңізге рахмет. «Жезқазған сұр тартып тұр» деген пікірді жиі еститініңізді білемін. Ендеше, сұхбатты бірден мысты қаланың көшелері қашан келісті, аулалары абаттандырылы күйге түседі деген сұрақтан бастасақ.

– Біздің салада кемшін түскен тұстар мен қордаланып қалған мәселелердің барын мойындаймыз. Сондықтан, бізге қаратыла айтылған сынды дұрыс қабылдап, олқылықтардың орнын толтыру бағытында жұмыс жасап жатырмыз.

Қаланың көркін кіргізу кешенді жұмысты талап ететіндіктен бір жылдың ішінде Жезқазғанды жайнатып жібереміз деп құрғақ уәде бере алмаймыз. Туған жеріміздің ауасын кеңейтіп, гүлдендіру жолында 2021 жылға белгілеген жоспарымыз ауқымды. Оны жүзеге асыруды бастап та кеттік. Қазіргі таңда бірді-екілі жоба бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілуде. Биыл алғаш рет біздің қалада 50 аула абаттандырылмақ. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 500 млн теңге көлемінде қарастырылды. Одан бөлек, тағы 10 аула қала қазынасынан бөлінген 40 млн теңгеге жөнделеді. Осылайша, бас-аяғы 60 аулада балалар ойын алаңқайы мен футбол алаңдары, көше тренажерлері орнатылады. Аулалардың жолдары жөнделіп, жол жиектері орнатылады. Жалпы, қала бойынша 80 балалар ойын алаңы бар. Оның 14-і былтыр салынған.

Жол жөндеуге де басымдық беріп отырмыз. Асылбеков, Жанасов, Смайлов пен Әуезов, Анарқұлов, Түсіпбеков пен Аманжолов, Шевченко көшесіндегі тозығы жеткен жолдар мен жаяу жүргіншілер жолы жаңаланады әрі жарықтандырылады. Мамыр мен қараша айларында қала көшелерін энерготиімді жарыққа ауыстырмақпыз. Барлығы 1846 жарық диодты орнатылады.

Күн жылысымен орталық көше Алашахан даңғылындағы сыйқы қашқан 22А, 22Б, 24Б, 32, 43, 41 және Абай көшесіндегі 7 тұрғын үйдің қасбетін жөндеуге кірісеміз. Тұрғын үйдің іргелеріне мурал салуды да ойластырдық. Ұлы Отан соғысының батырлары Бауыржан Момышұлы, Әлия мен Мәншүктің, Рақымжан Қошқарбаев пен ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың бейнелері қала көшелеріне өзгеше реңк беретіні сөзсіз.

«Наурыз» саябағының екінші тынысын ашып, тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналдыру үшін онда «Руханият» аллеясын жасақтауды жоспарладық. Аллеяға бас ақынымыз Абайдың ескерткішімен бірге өңірге танымал ақын-жазушылар мен белгілі тұлғалардың тақталары орнатылады. Заманға сай безендірілетін саябақта жүгіру жолағы мен дене шынықтырумен айналысуға жағдай жасалады. Сонымен бірге, Кеңгір жағалауы бойымен жаяу жүргіншілер жолағын саламыз.

Анарқұлов, Жеңіс, Мир көшелерінде аулаішілік көлік тұрағын кеңейту, жылы аялдамалар мен 300 жаңа қоқыс контейнерін орнату, апатты үйлердің тұрғындарын көшіру, Талап селосы мен Пристанционный елді-мекеніне тартылған газ желісін іске қосу, «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша бой көтерген Алаша хан көшесіндегі 34Д тұрғын үйдің 60 пәтерін кезекте тұрғандарға үлестіру де 2021 жылдың еншісінде.

Қажырлы еңбек пен қомақты қаржыны қажет ететін осы жобалар Жезқазғанды шырайына шырай қосып, тұрғындардың өмір сүру сапасына оң әсерін тигізетініне сенім мол. Бұл бағыттағы жұмыстар тоқтап қалмасы анық.

– Біздегі өзекті мәселелердің бірі – суару желілері. Оны қалыпқа келтіру бойынша қандай жұмыстар атқармақсыздар?

– Қала көркін кіргізіп қоймай жанымызға сая болатын жасыл желектерді суару мәселесін биыл түбегейлі шешу үшін ауқымды жоспар құрылды. Суару желілерін жөндеу мен күтіп ұстауға 113 млн теңге бөлінді. Қаладағы суару желілерінің ұзындығы – 132,2 шақырым. Оның 52.2 шақырымы «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ, 71.2 шақырымы қаланың коммуналдық есебінде, ал қалған 8,9 км «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-ға тиесілі. 2021 жылы Байқоңыровтан Алаша хан, Деев, Мир көшесіне дейін, Сейфуллин көшесінен Ғарышкерлер, Байқоңыров, Алаша хан даңғылына дейін суару құбырлары тартылады. Сонымен қатар, «Наурыз» саябағын суару үшін Холмецкийдегі су сорғыштан Байқоңыров көшесі арқылы суару желісі салынады.

Тамшылап суару әдісін де байқап көрмекшіміз. Қала әкімі Қайрат Әбсаттаровтың бастамасымен әуежай бағытындағы сусыз қалған жасыл желектерді қайта түлетпек ойымыз бар. Айналма жолдан әуежайға дейінгі 6 шақырым жолдың екі жағына 2,5 метрлік 6800 дана, «Қазақстан» композициясынан Мәңгілік алауға дейін 6 мың түп терек отырғызып, оны озық технологияның көмегімен жайқалтамыз. Бұл жұмысқа жұмылдырылатын мердігерге қойып отырған талабымыз қатал. Олар үш жыл кепілдік мерзімін ұсынады. Сондықтан, талдар өспей қалады, жаңа бастама сәтсіз аяқталады деп алаңдауға негіз жоқ.

– Қостанкелді елді-мекенінің тұрғындары қолдау көрмейтініне жиі шағымданады. Оларға көңіл бөлу ойда бар ма?

– Әрине, қалаға қарасты елді-мекендер назардан тыс қалмайды. Мысалы, Қостанкелдіде биыл Болман, Бүкіров пен Бөкейхан көшелерінің жолдарын жөндейміз деп жоспарладық. Бірақ, аталған көше бойымен газ тартылатын болғандықтан, жол жөндеуді кейінге қалдыруды құп көрдік. Қазір жолды жөндеп, артынан газ құбырын салар болсақ, мемлекет қаржысы мақсатсыз жұмсалмақ. Аталған елді-мекеннің тазалық мәселесі тағы бар. Біз енді тазалық мәселесін үйдің жанына қоқыс жәшігін орнату арқылы шешпекпіз. Неге десеңіздер, тұрғындар үйден де, қорадан да шыққан үлкенді-кішілі қоқысын қоқыс алаңына апарғыш. Содан қоқыс тау боп үйіліп қала береді. Саналы азаматтар өз үйіне тиесілі аумақты ондай күйге түсірмейтініне сеніп, осындай әдіске көшпекшіміз.

– Қоғамдық көліктердің мәселесін қалай шешпексіздер?

– Жасыратыны жоқ, қала ішіндегі тасымалды жүзеге асыратын автобустардың тозығы әбден жеткен. Кондуктордың жоқтығы, жүру уақытының сақталмауы тағы бар. Біз бұл проблемалардың бәрінен хабарымыз бар. Аталған мәселелерді шешу жолдарын жан-жақты қарастырудамыз. Қазір Саран қаласындағы автобус зауыт басшылығымен, «КМ Транко» ЖШС және жергілікті тасымалдаушылармен келіссөздер жүріп жатыр. Сондай-ақ, тасымалдаушыларға мемлекеттен бөлінетін субсидия көлемін ұлғайту қарастырылуда. Қалада барлығы 13 маршрут болса, бүгінгі таңда оның 9-ы ғана мемлекеттік қолдауға ие болған. Биылдан бастап барлық бағыттағы қоғамдық көлікке субсидия беру көзделген. 2021 жылдың маусымында сегіз маршрутпен келісім-шарт тоқтатылады. Шарт жасасу кезінде тасымалдаушыға қойылатын міндеттер көлемі ұлғайту арқылы қоғамдық көліктегі мәселелеріді түбегейлі шешеміз деген сенімдеміз.

– Жауапсыз мердігер, сапасыз жұмыспен күресуге дайынсыз ба?

– Әрине, көз жұма қарамаймыз. Мемлекет қаржысының мақсатсыз жұмсалмауы, мекеме тапсырыс берген жұмыс пен қызметтердің сапалы орындалуы – қатаң бақылауда. Басшы қызметіне тағайындалғанымға көп уақыт бола қоймаса да, жүктелген міндеттемелерді орындамаған бірқатар компанияларға қатысты сотқа арыздандық. Солардың ішінде көпірдің жөндеуін созбаққа салған «Асыл жас» ЖШС да бар. Көше жолдарын күтіп ұстауға міндетті «Құсайын жолы», «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы шеңберінде тұрғын үйлердің іргетасын жөндеген «КазЖилСтроймонтаж», жол жөндеген «Рокада» компанияларына сапасыз жұмысы үшін қаржысын аудармадық. Жоғарыда атап өткенімдей мердігерлерге қойылатын талаптар күшейтіліп, жұмысын сапасыз орындайтын компаниялармен келісім-шарт бұзылатын болады.

– Болашаққа бағамдаған жоспарларыңызбен бөліссеңіз.

– Атқарылуы тиіс жұмыс та, алдағы жоспар да ауқымды. Биылға межелеген жобаларды өміршең еткен соң, Абылайхан ескерткіші маңын абаттандыру үшін жобалық-сметалық құжат әзірлеп, Сәтбаев көшесінен Мир Абай, Сарыарқа көшесі бойымен веложолақ салсақ, Абай көшесін абаттандырып, Сейфуллин, Аманжолов көшесіндегі үйлердің сыртын қаптауды ойластырудамыз. Әлихан Бөкейхан «Тірі болсам, қазаққа қызмет етпей қоймаймын» демекші, қолымыздан келгенше күш-қуатымызды еліміздің, Жезқазғанның өркендеуіне жұмсамақпыз.

– Ендеше, Сізге және ұжымыңызға ортақ үйіміз Жезқазғанның кемел келешегін қалыптастыру ісінде сәттілік тілейміз.

Диана ОРАЗАЛИНА

ҚАЗАҚСТАН – СПОРТТЫҚ ҰЛТ

ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН СПОРТЫ ҚАНДАЙ БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРДЫ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болған 30 жыл ішінде ел спортшылары едәуір жетістікке жетті. Олимпиада ойындары мен әлемдік додаларда көк туымыз сан мәрте желбіреп, әнұранымыз шырқалды, рухымыз асқақтай түсті. Қазақстанның намысын қорғаған спортшылардың жетістіктері мен жеңістері әлемдік спорттың дамуына үлес болып қосылды. Одан бөлек елде қаншама спорт ғимараты бой көтеріп, ұлттық спорт түрлері қайта жанданды. Әйтсе де, Қазақстан 30 жылдық тарихында «спорттық мәрені» қалай кесіп өтті? Бұл туралы ҚазАқпарат Мәдениет және спорт министрлігінің дене шынықтыру және спорт комитетінің баспасөз хатшысы Раухан ТОҒЫМБАЕВАДАН білген екен.



Ұлттық спорттың 25 түрі қайта жанданды

Дене шынықтыру және спорт саласы жасы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан қоғамның бірігуіне, ұлттық қасиетіміз бен құндылықтарымызды ұлықтап, ұлттық намысымызды оятқан, әлемге қазақты еркін, рухы биік, намысы берік халық ретінде танытуға мүмкіндік берген алаңдардың біріне айналды. Тәуелсіздіктің арқасында өшкеніміз жанып, ескіміз жаңарып, көнеміз жаңғырды. 25-тен астам ұлттық спорт түрі жанданып дамыды. «Қазақ күресі», «Саятшылық», «Асық ату» және «Тоғызқұмалақ» секілді ұлттық спорт түрлері ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілді. Бүгінде республикамызда ұлттық спорт түрлерінен 8 мамандандырылған спорт клуб, 13 мамандандырылған спорт мектебі және 45 ипподром жұмыс істейді. «Қазақстан Барысы» республикалық турнирі ұлттық спорттық брендіне айналды. Сондай-ақ, «Әлем Барысы», «Жас Барыс» сынды жарыстардың да мәртебесі артуда. Бүгінгі күні білім берудің барлық деңгейіндегі дене шынықтыру сабақтарында «қазақ күресі», «тоғызқұмалақ», «асық ату» сияқты ұлттық спорт түрлерін міндетті компонент ретінде енгізу қолға алынған.

Раухан Тоғымбаева келтірген мәлімет бойынша, жалпы, тәуелсіздік жылдарында спорт және дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік саясаттың өзіне тән ерекшелігі бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын теңгерімді тәсілдермен дамыту болған. Бұл ретте сала заңнамасын жетілдіру шеңберінде 2014 жылы саланы дамытудағы заманға сай талаптарға сәйкес келетін «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. Президенттің Жарлықтарымен және Үкіметтің қаулыларымен бекітілген бес жылдық кезеңдерге арналған 4 мемлекеттік бағдарлама, 1 тұжырымдама бекітіліп, іске асырылды

Осы бағдарламаларды және алға қойылған міндеттерді іске асырудың нәтижесінде халықты дене шынықтыру және спортпен қамтудың үлесі 31,6%-ға жетті. Бұл – ел тұрғындарының 5,9 миллионға жуығы дене шынықтыру және спортпен айналысатындығын көрсетеді.

«Әрине, мұнша халықты дене шынықтырумен қамту тиісті инфрақұрылымды қажет етеді. Ведомстволық статистикалық есепке сәйкес, 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 41 352 спорт ғимараты қызмет етеді (ауылдарда 23 693). Тәуелсіздік жылдарында елімізде 77 стадион, 38 спорт сарайы, 7,8 мыңнан астам спорт алаңы мен 2 мыңнан астам спорт залы салынды», – дейді ол.

Қандай спорт ғимараттары бой көтерді?

Елімізде 7-ші Қысқы Азия ойындары мен 28-ші Дүниежүзілік қысқы Универсиада сияқты ірі спорттық жарыстардың өткізілуіне байланысты әлемдік стандарттарға сәйкес келетін бірқатар ірі спорт ғимараты («Сарыарқа» республикалық велотрегі, «Астана Арена», «Алатау» шаңғы және биатлон стадиондарының кешені, «Барыс Арена», «Алау», «Алматы арена», «Халық арена» мұз айдындары, «Сұңқар» шаңғы трамплиндерінің халықаралық кешені) сондай-ақ, алғаш рет Алматыда Олимпиада ауылдарына ұқсас 5000 орындық Атлетикалық қалашық салынды. 2018 жылғы 11 шілдеде Елбасының қатысуымен Ақмола облысының Щучье қаласында жаңа «Бурабай» халықаралық шаңғы базасы ашылды. Нұр-Сұлтан қаласында 2019 жылы пайдалануға берілген Жекпе-жек сарайына аты аңызға айналған қазақстандық балуан, Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіровтің аты берілді.

2020 жылдың қараша айында Нұр-Сұлтан қаласында «Қазақстан» жеңіл атлетикалық спорт кешені пайдалануға берілді.

Бұқаралық спортты дамыту арқылы дені сау өскелең ұрпақты тәрбиелеу қоғам үшін маңызды. Осы орайда, Тәуелсіздік жылдарында еліміздің болашағы балалар мен жастарды спортқа белсенді түрде тарту жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі таңда мектеп оқушыларының ішінде 1 938 598 бала дене шынықтыру және спортпен шұғылданады. Балалар мен жасөспірімдер спорты инфрақұрылымын 477 балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, спортта дарынды балаларға арналған 17 мектеп-интернат құрайды.

Қосымша білім беру мекемелері қатарына 602 балалар мен жасөспірімдер клубы, 119 балалар мен жасөспірімдер дене даярлығының клубтары жұмыс істеп келеді. Оқушылар арасында жыл сайын еліміздің әртүрлі аймақтарынан 100 мыңнан астам оқушы қатысатын «Былғары доп», «Шұбар доп», «Жұлдызша», «Алтын шайба» және «Жас Барыс» спартакиадалары өткізіліп келеді.

Тәуелсіздік жылдары жоғары оқу орындарында 113 спорт клубы мен 2 мыңға жуық спорт секциялары ашылды, онда 177 мың 263 студент спортпен шұғылданады. Сондай-ақ, Ұлттық студенттер лигасы белсенді дамып, жолға қойылды.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселесі назардан тыс қалған жоқ

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда «Қазақстан Республикасының жазғы спартакиадасы», «Қазақстан Республикасының қысқы спартакиадасы», «Қысқы жастар ойындары», «Жазғы жастар ойындары»; «Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесі үшін 17 спорт түрінен халықтық спорт ойындары», «Мүгедектер арасындағы спартакиада», «Ақ бидай» республикалық ауылдық спорт ойындары», «мектеп және колледж оқушыларының жазғы және қысқы республикалық спартакиадасы» сынды республикалық кешенді іс-шаралар өткізу ісі қайта жанданды. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тартылған мүмкіндігі шектеулі адамдар санының өсу серпіні сақталды. Бүгінгі таңда олардың саны 34 114 адамды құрайды. Республикада мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған 13 спорт клубы және 3 мектеп жұмыс істейді. Жыл сайын 5 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі спортшының қатысуымен әртүрлі санаттағы тұлғалар үшін 40-тан астам халықаралық және республикалық чемпионаттар мен турнирлер өткізіледі.

Спорт түрлерінен спартакиадаларды, түрлі турнирлерді, «Тұңғыш Президент – Елбасының тестілерін» тапсыру айлықтарын, отбасылар арасындағы спорттық жарыстарды, жаппай жүгіру мен өзге де іс-шараларды өткізу дәстүрге айналды. Мұндай іс-шараларға жыл сайын 2 млн-нан астам адам қатысады.

Елімізде 101 федерация жұмыс істейді

Бұқаралық дене шынықтыру спорт қозғалысын тиімді дамытудың нәтижесінде спортшылармыз Олимпиада ойындары мен халықаралық жарыстарда жоғары жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Тәуелсіздік кезеңінде республикада кәсіби спортшыларды дайындаудың бастапқы кезеңінен жоғары спорттық шеберлікке дейінгі жүйесі қалыптасты, жекелеген спортшылар мен командалар федерацияларға, ассоциациялар мен одақтарға бірігіп, ұлттық біріншіліктерде және спорттың әртүрлі түрінен өткен жарыстарға қатысты. Бүгінгі таңда елімізде спорт түрлерінен 101 республикалық федерация жұмыс істейді.

Жазғы Олимпиада ойындарынан – 64 медаль!

Қазақстан алғаш рет тәуелсіз мемлекет ретінде 1994 жылы Норвегияның Лиллехаммер қаласында өткен XVII қысқы Олимпиада ойындарына қатысты. Онда аты аңызға айналған жерлесіміз Владимир Смирнов Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет 1 алтын және 2 күміс медальге ие болды.

Тәуелсіздік жылдарында еліміздің спортшылары мынадай жетістіктерге қол жеткізді:

– қысқы Олимпиада ойындарында (1994, 1998, 2002, 2006, 2010, 2014, 2018) 1 алтын, 3 күміс, 4 қола медаль. Барлығы 8 медаль иеленді;

– жазғы Олимпиада ойындарында (1996, 2000, 2004, 2008, 2012, 2016) 15 алтын, 21 күміс, 28 қола медаль. Барлығы 64 медаль жеңіп алды;

– жазғы Жасөспірімдер Олимпиада ойындарында (2010, 2014, 2018) 10 алтын, 6 күміс, 9 қола медаль. Барлығы 25 медаль иеленді;

– қысқы Жасөспірімдер Олимпиада ойындарында (2012, 2016, 2020) 1 күміс, 4 қола медаль. Барлығы 5 медаль жеңіп алды.

– жазғы Паралимпиада ойындарында 1 алтын, 1 күміс медаль. Барлығы: 2 медаль жеңіп алды.

– қысқы Паралимпиада ойындарында 1 алтын, 1 күміс медаль. Барлығы: 2 медаль иеленді. – паралимпиадалық спорт түрлерінен жазғы әлем чемпионатында 5 алтын, 6 күміс, 3 қола медаль. Барлығы: 14 медаль жеңіп алды.

– паралимпиадалық жазғы Азия ойындарында 12 алтын, 21 күміс, 26 қола медаль. Барлығы 59 медаль иеленді;

Тәуелсіздік жылдары қазақстандық спортшылар 7 жазғы Азия ойындарына қатысты (1994, 1998, 2002, 2006, 2010, 2014, 2018) ол жерде 155 алтын, 158 күміс және 244 қола медаль, барлығы 557 медаль жеңіп алды.

Осы жылдары 6 қысқы Азия ойындарында (1996, 1999, 2003, 2007, 2011, 2017) еліміздің спортшылары 78 алтын, 62 күміс және 56 қола медаль, барлығы 196 медаль жеңіп алды.

Қазақстанда 2011 жылғы VII қысқы Азия ойындарының өткізілуі жалпыұлттық спортты зор салтанатқа бөледі, онда ел құрамасы бұдан бұрынғы Азия ойындарының бәріне қарағанда, жеңіп алған медальдар бойынша рекорд орнатып, бірінші орынға ие болды.

Тәуелсіздік алған күннен бастап осы уақытқа дейін қысқы олимпиадалық спорт түрлерінен әлем чемпионаттарында ұлттық құрама командалардың спортшылары 5 алтын, 6 күміс, 7 қола медаль, барлығы 18 медаль иеленді.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде жазғы олимпиадалық спорт түрлерінен әлем чемпионаттарында ұлттық құрама командалардың спортшылары 47 алтын, 52 күміс, 101 қола медаль, барлығы 200 медальға ие болды.

Сонымен қатар, еліміз тәуелсіздік алғалы бері қысқы спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың спортшылары Бүкіләлемдік қысқы универсиадаларға қатысып, 87 медаль жеңіп алды, оның ішінде 29 алтын, 25 күміс және 33 қола медаль бар.

Ал, тәуелсіздіктің алғаш күндерінен бастап қазіргі уақытқа дейін жазғы спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың спортшылары Бүкіләлемдік жазғы Универсиадаларға қатысып, 103 медаль жеңіп алды. Оның ішінде 22 алтын, 43 күміс және 38 қола медаль бар.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет Алматы қаласы 28-ші Дүниежүзілік қысқы Универсиаданы қабылдады. 2017 жылғы 8 ақпанда басталған іс-шара 12 спорт түрінен 8 спорт объектісінде («Шымбұлақ» тау шаңғысы курорты, «Медеу» биік таулы спорт кешені, «Сұңқар» халықаралық кешені, Б. Шолақ атындағы Спорт және мәдениет сарайы, «Алатау» шаңғы және биатлон стадиондары кешені, «Табаған», «Алматы арена» және «Халық Арена» ойын-сауық кешені) абыроймен ұйымдастырылды. Универсиадада қазақстандық студенттер құрамасы 36 медаль ұтып, жалпыкомандалық есепте 57 елдің арасында 2-ші орынға тұрақтады.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде кәсіпқой спорт та қарқынды түрде дамыды. Бокстан, велоспорттан, футболдан, хоккейден кәсіпқой клубтар құрылды. Василий Жиров пен Геннадий Головкин бастаған еліміздің кәсіпқой боксшылары әлемге танылды. 2020 жылы боксшымыз Данияр Елеусінов орта салмақтағы бос IBF континентальдық белбеуін жеңіп алды. Геннадий Головкин Камил Шереметаны жеңіп, әлем чемпиондық атағын қорғады.

Биыл әлемдегі ең беделді Ultimate Fighting чемпионатында (бұдан әрі - UFC) алғаш рет 3 спортшымыз бақ сынады. Қазақстандық спортшы Шавкат Рахмонов ММА әуеской нұсқасы бойынша Әлем чемпионы болды.

«Тәуелсіз Қазақстан тарихында қол жеткізген спорттық жетістіктеріміз мұнымен шектелмейді. Бұл жерде тек ең бастыларын ғана атап өттік. Жалпы, спорт патриоттық сезімді оятып, Тәуелсіз елімізге деген сүйіспеншілікті бекемдейтін басты құралдың бірі болып қала береді деп сенеміз», – дейді Раухан Тоғымбаева.

ҚазАқпарат

ОЙ ТАСТАДЫМ ОРТАҒА

ӨЗГЕРІСТІ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЙЫҚ!

Қаламыздың болашағы, ертеңі мен бүгіні – әрбір жезқазғандықтың көкейін тесетін сұрақтардың бірі десем қателеспеймін. Кеңес дәуірінде космостың қақпасы**, не бір бай кен** орындарының кіндігі болған, түсті металлургия қара шаңырағы Қарсақбайы бар, үш жүздің басын қосқан Ұлытауы бар Жезқазғанның бүгінгі күні қандай, болашағы не болмақ!?

Қарап отырсақ қалада шешімін күткен мәселе аз емес. Кезінде көпке үлгі болған әсем қала Жезқазғанның бүгінгі таңдағы жағдайы адам аярлық деуге шақ қалды. Көшелердегі талдар қурап бітуге жақын, оны суаратын су жүйелері істен шыққан. Көл жағалауындағы, әуежай жолындағы жасыл желектер қурап кетті. Көшелердің бәрі бірінің артынан бірі қазылып, астаң-кестең боп жатқан кездер де болды. Қаланың тазалығы жөнінде де мәселе аз емес.

Қаладағы бассейнді меншігіне алған Балаев деген кәсіпкер жауып тынды. 9-орам жақтағы жаңадан тартылған ауыз су құбыры жарылып, су далаға ағып жатыр. Айдос-Үйтастан келетін су құбырын жаңаладық деген желеумен «ЖСЖК» АҚ халықтан көтеріңкі тарифпен ақша жинап келді. Айта берсең, баяғы кемшіліктерге бүгінгілері қосылып, мәселелердің бәрі қордаланған жағдайда отырмыз.

Бар ойымыз «қаламыз аман-есен қыстан шықса екен» дейтін жағдайға жеттік. Соңғы жылдары бір қарағанда біраз жұмыс атқарылған сияқты, бірақ оның сапасын айтқанда өзіңнен өзің ұяласың. Сапа деген ұғым – адам адам болғалы жанындағы серігі. Күнделікті тамағың, киер киімің, жатар орның керек болса қолыңдағы бар дүниең сапалы болса жаның жай табады емес пе?! Осы біздің туған қаламызда жол салынып, оны жөндеу жұмыстары, тұрғын үй құрылысы мен өндіріс өнімдерінің сапасы бұрынғыдай ма өзі, соған тоқталайықшы. Бұрын істеген жұмыстың сапасына деген шамалы болса да жауапкершілік болатын. Ол кезде биліктен басқа халық бақылаушылары, партия ұйымы дегендей қырағы бақылау болатын. Кезінде сапасыз шаруа үшін «халық жауы» деп жауапқа да тартқан заман болған. Ол кезеңде адам заңнан қорыққан. Ал одан бұрын құдайдан қорыққан.

Соңғы төрт-бес жылда қалада ауыз су құбыры ауыстырылатын болып полиэтилен трубалар салынды. Үй аралық жолдар жөнделіп еді, артынша қазып су құбырын қайта тартты?! Обалай-ай. Осындай жұмыс бола ма? Мен осындай келеңсіздіктерді бұрынғы әкімге қасында отырған жергілікті азаматтардың көзінше екі-үш мәрте айттым. Бірақ, қолданған шара болмады.

Сосын былтырлары пайдалануға берілген жаңа үйлердің сапасы да ойландырады. Өзімнің бір танысым сондай үйлердің бірінен пәтер алды. Ол үйді де салған мердігер осы жердің азаматы, ауыз толтырып айтатын белгілі кәсіпкеріміз. Баспанаға қол жеткізген үй иесі мәз. Ал, үйдің сапасы адам шошырлық. Кіреберістегі баспалдақтан бастап, үйдің ішіндегі кемшіліктер жетіп артылады. Терезе астындағы жылу беретін батарея да қисайып тұр. Осындай олқылықтарды жіберген құрылысшы да, қабылдаған жауапты қызметтер де осы күнге дейін жауапкершілік арқаламағаны айдан анық! Қаламыздағы осындай жұмыстарды жобалаған да, орындаған да, оны қабылдаған да шет елден келген адамдар емес қой, олардың бәрі өзіміздің қазағымыз, қандастарымыз, оның ішінде өзіміздің осы жердің азаматтары! Ал, неге сапа жағы ақсап тұрады? Бұл бәрімізді ойландыруы керек. Әрбір азамат өз жеріне жаны ашымаса, жанашырлық танытпаса, қайдан сапа болады?! Қазір шыны керек, обал, сауап дегенді ұмыттық. Жауапкершілікті сезінбейміз. Содан кейін осындай келеңсіздіктер қайталана береді.

Қаламызға жаңадан әкім сайланғалы жарты жыл болған жоқ. Бұл азамат үлкен сынаққа түсті. Қаламызды құлазып тұрған кезінде қолға алды. Көшенің бәрі қазылып, су құбырлары жарылып, үлкен көпіріміздің күрделі жөндеуі тоқтаған кезде келді. Күдігіміз – осы қыс, үмітіміз – жаңа билік. Мына қысымыз да орта белінен асты, шүкіршілік қала өз тіршілігінде. Жаңа әкім екі айдың ішінде жаздай қазылып жатқан көшелердегі орларды көмдірді, қыста болса да үлкен көпірімізді іске қостырды. Менің өз ойым осы жергілікті азаматтар, елдің арқасүйер ағалары, бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығарып бірігіп, қаламызды көркейтуге атсалыссақ деген пікірім.

Дегенмен, таяу арада фейсбук парақшасында осы қаламыздағы бір керемет сыншы әкімге кадр саясаты жөнінде, қызмет барысына ақыл айтпақ болып сын жазыпты. Келгені кеше, жаңа әкімге ел болып көмек берудің орнына, орынсыз мін тақпақшы. Жоғарыда айтылған кемшіліктер бүгін сол іс басында отырған азаматтардың жұмысының көрінісі. Әлгі сыншы соны неге айтпаған кезінде... «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дейді қазақ. Мін түзелсін десек, сынымыз да сауатты, жауапты болуы керек. Кез келген өзгерісті өзімізден бастасақ, ісіміз де нәтижелі болмақ.

Қай күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында Арқалық, Екібастұз, Жезқазған сияқты моноқалаларға назар аудару, оларды дамыту жоспарын әзірлеу туралы айтты. Бұл қаламыздағы соңғы айлардағы оң өзгерістерден туған үмітімізді одан әрі жандандырған, көңілге сенім ұялатқан оқиға болды. Қызылорда – Жезқазған жолының жөнделуінің өзі аймаққа жаңа серпіліс әкелері сөзсіз. Елордаға тартылған «Сарыарқа» газ магистралінің де игілігін көретін күн жақын. Басқа да қала экономикасын дамытуды, елдің әлеуметтік ахуалын жақсартуды көздейтін жобалар жеткілікті. Енді мемлекет басшылығы моноқала Жезқазғанға тиісті көңіл бөліп, аймақты жандандыруға шындап кіріседі деп сенеміз.

Мұрат ҚАЗАМБАЕВ,
«Жезқазған, Сәтбаев және Ұлытау өңірінің ақсақалдар кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы,
ішкі істер қызметінің ардагері,
отставкадағы полиция полковнигі.

ТІЛ ҒҰМЫРЫ – ҰЛТ ҒҰМЫРЫ

Тіл – қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдыретті. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Мақалада мемлекеттік тіліміздің дәрежесі биік екендігі айтылады. Қазақ тілі түбегейлі, терең зерттеу арқылы ұлттың болмысы танылған, ана тілінің қоғамдағы орны анықталған, мемлекеттік тілдің мәртебесі жоғары деңгейге көтерілген.

Қазіргі таңда елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге ерекше назар аударылып отыр. Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деуінің де үлкен мәні бар.

Соңғы жылдары ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, халықтық педагогиканың асыл қазынасын пайдалануға, әдебиетіміз бен мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді жетілдіруге мүмкіндік туғызғаны еліміз үшін зор қуаныш. Қазіргі заман талабы халықтық дәстүрді кеңінен пайдалана білуді көздеп отыр. Ол үшін халқымыздың ата-бабадан келе жатқан ұлттық асыл мұраларын, тұрмыс салтын, үлгі - өнегесін жүзеге асыруымыз қажет. Елімізді басқа ел танып жатқанда, тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақты тәрбиелеу басты міндеттердің бірі. Тәрбиенің негізгі құралы – тіл, ол ұлттың тарихи көрінісінің белгісі болып табылады.

Тіл – қоғамдық қарым-қатынастың ең басты құралы. Тіл ақпаратты сақтау, жеткізу және өңдеу қызметін де атқарады. Болмыстың негізі тіл арқылы атауға ие болады және ол тілде бейнеленеді. Тіл – қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге адамзат ақыл-ойының қайнар көзі, үнемі дамып, толығып отыратын үзілмес қоры.

Әр адамға өз тілінен артық тіл жоқ. Қай заманда да ата-бабамыз өткір тілді есті сөзбен ессізді тоқтатқан. Ақын-жырауларымыз сөзден ой-маржанын теріп, артындағы ізбасар ұрпағының санасына құя білген. Қазіргі таңда тілімізді шұбарлап қорлайтын, өз тілі тұрғанда ұялмай басқа тілде сөйлегенді мақтаныш көретін үлкендер де, жастар да жетіп жатыр. Жастардың орыс тіліндегі сөздерді жиі пайдалануы шынымен адамды ашындырады. Тәуелсіздік алғалы осындай мәселелер жиі көтеріледі. Ондағы мақсат – ұлттық тілдің қадірін қайтару. Ал, негізінде тіл мен тәуелсіздік – бір-бірімен егіз ұғым.

Тәуелсіздік ұлттық қасиетті қадірлеуден басталса керек. Ал, «Өзінің ұлттық қасиетін, өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес» деген М.Әуезовтің керемет дана сөзі бар. Талай ақын, шешен бабаларымды бұлбұлша сайраткан, жарға соққан толқындай екпінді, наркескендей өткір тілімнің осынау уақытқа дейін тұншығып, қадір-қасиетінен айырылуға шақ қалғанда қазақ тілін «мемлекеттік тіл» деп 1989 жылы 22 қыркүйекте жариялады.

Қорыта келе, тіл – өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Сондықтан да өз ана тіліміздің қадірін біліп, өз тілімізде дұрыс сөйлесе білу әр қазақ баласының бірден-бір міндеті болып табылады. Біз, болашақ жастар тіліміздің абыройын асқақтатамыз, биікке көтереміз.

Б. НАУМАҒАМБЕТОВ,
Жезқазған қаласы ауданаралық әділет басқармасының басшысы

COVID-19

ВАКЦИНАЦИЯ: КІМ, ҚАЛАЙ ЕКПЕ АЛАДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Екпе міндетті ме?

Екпе ерікті түрде салынады . «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 77-бабына сілтеп, кез келген медициналық ем-шара, оның ішінде вакцина салу тек адамның келісімімен ғана жүзеге асатынын айтады. Вакцинадан бас тартқандар әкімшілік не қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды, екпе егердің алдында сіз арнайы параққа қол қою арқылы вакцинадан бас тартып я салдыруға келісім бере аласыз. КВИ-ға қарсы екпе ерікті түрде жасалады және мәжбүрлеу болмайды.

КВИ-ға қарсы екпе 18 жастан асқан адамдарға салынады, балаларға екпе жасалмайды.

Екпе қалай салынады?

Екпе екі дозадан адамның иығына салынады. Алдымен 0,5 мл бірінші доза салынып, арада 19-23 күн өткенде тағы 0,5 мл салынады. Екпе салардың алдында дәрігер дене қызуын, сатурацияңызды, қан қысымыңызды, жүрек соғысыңызды, ауыз қуысын тексеруі тиіс. Егер адамның ыстығы 37 градустан жоғары болса екпе салынбайды. Екпенің бір флаконында 3 мл доза болады. Бір флакон бес адамға салуға жетеді. Екпенің сырты бүлінсе қолдануға болмайды. Екпе иықтан төмен тұсқа салынады

КВИ-ға қарсы қолданылатын вакцина бүгінде 2 кезеңде жасалынады.

Бұл КВИ-ға қарсы вакцинациядан кейін» иммунитетті қалыптастырудың міндетті шарты болып табылады.

Екінші вакцинациядан кейін 21 күннен кейін жүргізіледі.

Неліктен вакцинаны екі кезеңде алу керек?

Коронавирустық вакцинаны 21 күндік аралықпен екі кезеңмен енгізу керек. Бірінші доза антиденелердің аз мөлшерін өндіруге байланысты қысқа қорғаныс әсерін береді. Екінші доза біріншісінің әсерін күшейтеді және бекітеді, адам ағзасындағы антиденелер саны артады.

Коронавирустық вакцинадан аллергиялық реакция болуы мүмкін бе?

Кез келген вакцинациядан бұрын медицина қызметкері егілушіде аллергияның болуын нақтылайды. Егер ауыр аллергиялық ауру болса, адамға егуден медициналық шеттету беріледі. Сонымен қатар, аллергиялық реакцияны болжау мүмкін емес, өйткені әр организм өзінше бөлек. Уақтылы әрекет ету үшін вакцинациядан кейінгі алғашқы 30 минутта адам медициналық бақылауда болуы керек (мед.мекеме қабырғасында): дәл осы кезеңде вакцинаға аллергиялық реакция пайда болуы мүмкін.

Вакцина алғандарға және вакцинацияланғандарға күнделікті телефон арқылы тексеру жүргізіледі. Барлық вакцинацияланғандар алғашқы 30 минутта медициналық мекемеде дәрігердің бақылауында болады. Келесі 3 күнде олар тіркелген жердегі учаскелік дәрігерлердің динамикалық бақылауында болады. Медициналық бақылау рәсімі кез келген екпені алғаннан кейін жүргізіледі. Сонымен қатар, вакцинацияланған әрбір адамға вакцинаның ықтимал жанама әсерлері және осындай әсерлер пайда болған жағдайда олар жүгіне алатын емханалардың телефон нөмірлері көрсетілген арнайы жадынама беріледі.

Егер адам екі кезеңнің арасында коронавируспен ауырса, вакцинаның екінші компонентін енгізу керек пе?

Мұндай адам COVID-19 инфекциясымен ауырушы ретінде бағаланады, яғни вакцинацияны аурудан кейін 6 айдан соң жүргізуге болады. Егер вакцинация кезеңдері арасында адам ЖРВИ сияқты немесе басқа жұқпалы аурумен ауырса, онда екінші вакцинация біріншіден 21 күн өткен соң емес, сауығып, қалпына келгеннен кейін 2 аптадан кейін жасалуы керек. Егер бұл COVID-19 болса, онда вакцинаның екінші компонентін аурудан кейін бірден енгізуден сақтану керек.

Күлзипа КӨШІМБАЕВА,
«Көшімбаева»
отбасылық-дәрігерлік
амбулаториясының
директоры

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттің органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттің органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Бұл дерттің көбіне қызметіне немқұрайлы қарайтындардың, сауаттылығы төмен адамдардың қызметін пайдаланып, жеке басының қамын жасайтындардың тарапынан жиі орын алатындығы жасырын емес. Ал, біз осындай бассыздыққа жол бермес үшін бүкіл қоғам болып күрес жүргізуіміз қажет. «Қолы да, жолы да ұзын» азаматтар қолдарынан келгенше парақорлыққа тосқауыл қойып, халықтың сенімін ақтауы қажет. Сонда ғана еліміз дамыған елдердің қатарынан көрінері сөзсіз.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің жолы электрондық қызмет көрсетудің аясын кеңейту. Бұл тұрғыда Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасында «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесі іске асырылған. Басқарма 64 мемлекеттік мекеме электрондық түрде қызмет көрсетеді. Электрондық қызмет сыбайласудың жолын кесе отырып қағазбастылықты жеңілдетеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу тек бір ұйымның шаруасы емес, бұл бүкіл халықтық сипат алған жағдайда толық тиылады деп өз ойын ортаға салды.

Бейбіт ШӘКЕНОВ,
Жезқазған қалалық
қазынашылық
басқармасының басшысы

БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – БІЗДІҢ ОРТАҚ БОРЫШЫМЫЗ

2020 жылдың 11 желтоқсанында жергілікті «Жезказганский вестник» газетінің №45 санында Жезқазған қаласы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның өткен жылы атқарған жұмысы туралы мақала жарияланды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысымен бекітілген «Кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның үлгі ережесіне» сәйкес Жезқазған қаласы әкімдігінің жанынан кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамы бекітілді. Комиссия құрамына төраға, төрағаның орынбасары, комиссия мүшелері және жауапты хатшы кіреді. Комиссияның құрамына тиісті мәслихаттардың депутаттары, ішкі істер, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, әділет органдарының, жұмыспен қамту, қамқоршылық және қорғаншылық мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алуға мүдделі қоғамдық және өзге де ұйымдардың өкілдері кіреді.

Қала әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияда (бұдан әрі – Комиссия) жасөспірімдер мен олардың ата-аналарының барлық құқыққа қарсы әрекеттері қаралады, онда олардың әрқайсысы бойынша тиісті шешім шығарылады.

2020 жылдың желтоқсанында аталған комиссияның 2021 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді. Комиссия отырыстары айына кемінде 2 рет, қажеттілігіне қарай комиссияның көшпелі отырыстары да өткізіледі.

Сонымен бірге, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның 2021 жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес комиссия отырыстарында мүдделі мемлекеттік органдардың, мекемелердің, ұйымдардың басшыларының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында жасалған және басқа да тақырыптардағы атқарған жұмыстары туралы есептері тыңдалады. Бүгінгі күнге комиссия отырысында 5 есеп тыңдалды.

Қарағанды облысының әкімі Ж.Қасымбек 2021-2023 жылдарға арналған Қарағанды облысы бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету және зорлық-зомбылықты болдырмау жөніндегі жол картасын бекітті, облыстық жол картасы негізінде Жезқазған қаласының әкімі Қ.Әбсаттаров Жезқазған қаласы бойынша жол картасын бекітті.

Осы жол картасына сәйкес Жезқазған қаласының әкімі Қ.Әбсаттаровтың, Кеңгір селосының әкімі Қ.Жанпейісовтің, Малшыбай селосының әкімі Е.Аянбаевтың және Талап селосының әкімі Ғ.Битеновтің өкімімен кәмелетке толмағандарға қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету және зорлық-зомбылықты болдырмау жөнінде 1 жұмыс тобы және кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзудың алдын алу бойынша жедел әрекет ету үшін 4 мобильді жұмыс тобы құрылды. Аталған жұмыс және мобильді жұмыс топтары кәмелетке толмағандардың құқықтары бұзылғандығы туралы келіп түскен сигналдарға жедел әрекет етеді және әрбір факт бойынша алдын алу шараларын қабылдайтын болады.

Комиссия кәмелетке толмағандарды күтіп-бағу, тәрбиелеу, оқыту бойынша өз міндеттерін орындамайтын, балаларға немесе олардың рухани және физикалық дамуына кері әсерін тигізетін ата-аналарды (заңды өкілдерді) анықтау бойынша үнемі жұмыс жүргізеді.

Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия мектеп әкімшілігімен, білім беру органдарымен, Жезқазған қаласының ПБ ЖПҚБ ювеналдық полиция тобының учаскелік және мектеп инспекторларымен, сондай-ақ басқа да мүдделі органдармен бірлесіп, жалпы білім беретін орта мектеп оқушылары мен колледж студенттері арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу бойынша тұрақты негізде жұмыс жасайды. Жезқазған қаласында ПБ ЖПҚБ ЮПТ есепте тұрған тұлғалар мен тұрмысы нашар отбасылардың пәтерлерін аралау бойынша рейдтер жүргізілуде.

Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық белгілері және олардың алдын алу мақсатында тұрақты негізде халық арасында отбасылық құндылықтарды насихаттау, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Ата-аналарға балаға қатыгездікпен қарағаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік туралы ескерту жасалды, балалар құқықтары туралы конвенцияның кейбір ережелері түсіндірілді, балаларына қарсы заңсыз әрекеттері үшін жауапкершіліктері, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заңының талаптарымен таныстырылды. Балалар отбасы шеңберінде адамгершілік туралы жақын адамдарымен және айналасындағылармен мораль мен мінез-құлық ережелері туралы түсінік алады. Сондықтан ата-аналардың адамгершілік тәрбие әдістерін қолдануы бала үшін өте маңызды.

Балаларды тәрбиелеу, кәмелетке толмағандардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелерінде ата-аналардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған ақпараттық жұмысты қамтамасыз ету тиісті материалдар, мақалалар, бейнероликтер жарияланатын Instagram @kdn_zhez, @zhezgoroo және up_zhez интернет-ресурстарында және әлеуметтік желілерде тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бастап әр жұма сайын сағат 17-00-де Инстаграмдағы @zhezgoroo парақшасында мектеп оқушылары, ата-аналар мен мұғалімдерге арналған «Отбасы сағаты» тікелей эфирде өткізіліп отыр. Виртуалды диалог алаңы: «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қараусыздық пен панасыздықтың алдын алу», «Отбасылық психология», «Гигиена негіздері» сияқты тақырыптарды қозғайды. Баланың дұрыс тамақтануы мен баланың денесіндегі жаттығулардың маңыздылығы », «Интернеттегі балаларды терроризмнен қорғау», «Экологиялық білім», идеялар мен ұсыныстар талқыланады.

Біздің басты міндетіміз – отбасын сақтау және қиын өмірлік жағдайға тап болған кәмелетке толмағандарға көмектесіп, олардың құқықтарын қорғау.

Егер, Сізде кәмелетке толмағандардың құқықтары бұзылғандығы туралы ақпарат болса, тез арада **737029** телефон нөміріне хабарласуды немесе «**Instagram**» парақшасына **@kdn_zhez** тікелей сілтеме жазуды сұраймыз.

Зина АҚЫЛБЕКОВА,
Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары,
кәмелетке толмағандардың істері
және олардың құқықтарын қорғау
жөніндегі комиссия төрағасы

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН БҰЗУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жезқазған қаласы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Жезқазған қаласының әкімі Қ.Әбсаттаровтың Жезқазған қаласында 2021-2023 жылдарға арналған кәмелетке толмағандарға қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету және зорлық-зомбылықты болғызбау жөніндегі Жол картасы бойынша бекітілгенін хабарлайды. Осы жол картасына сәйкес Жезқазған қаласының әкімі Қ.Әбсаттаровтың, Кеңгір селосының әкімі Қ.Жанпейісовтің, Малшыбай селосының әкімі Е.Аянбаевтың және Талап селосының әкімі Ғ.Битеновтің өкімімен кәмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу бойынша жедел әрекет ету үшін 4 мобильді жұмыс тобы құрылды. Аталған мобильді жұмыс топтары кәмелетке толмағандардың құқықтары бұзылғандығы туралы келіп түскен сигналдарға жедел әрекет етеді және әрбір факт бойынша алдын алу шараларын қабылдайтын болады.

Осыған байланысты Сіздерге осы мобильді жұмыс топтарының құрамымен танысу үшін ұсынамыз.

Жезқазған қаласында кәмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу бойынша жедел әрекет ету үшін мобильді жұмыс топтың ҚҰРАМЫ

№	Аты-жөні	Қызмет орны
1.	Ақылбекова Зина Жұманазарқызы	Жұмыс тобының басшысы, Жезқазған қала әкімінің орынбасары
2.	Әлкебаева Ләйла Батырқызы	Жұмыс тобы басшысының орынбасары, «Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы
3.	Жылқыбаева Әлия Данилқызы	Жұмыс тобының хатшысы, Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның хатшысы – мемлекеттік-құқық жұмысы бөлімінің бас маманы
4.	Жақыпбекова Гаухар Нәбиқызы	Жұмыс тобының мүшесі, «Жезқазған қаласының білім бөлімі» ММ бас маман
5.	Құрманбаева Жансәуле Бөлтірікқызы	Жұмыс тобының мүшесі, Жезқазған қаласының ПБ ювеналды полиция тобының учаскелік аға инспекторы

Кеңгір селолық округі бойынша кәмелеткетолмағандардың Құқықтарының бұзылуына жол бермеу бойынша жедел әрекет ету үшін мобильді жұмыс топтың ҚҰРАМЫ

№	Аты-жөні	Қызмет орны
1.	Жанпейісов Қанағат Байжанұлы	Жұмыс тобының басшысы, Кеңгір селосының әкімі
2.	Базылбеков Нұрсұлтан Оңқонысұлы	Жұмыс тобы басшысының орынбасары, Жезқазған қаласының полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторы
3.	Ермағанбетов Сәбит Әнуарбекұлы	Жұмыс тобының мүшесі, Кеңгір селосы әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің есепке алу және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы
4	Шамшиева Динар Жолдыканқызы	Жұмыс тобының хатшысы, Кеңгір селосы әкімі аппараты мемлекеттік ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас маманы
5	Абеева Марал Сламбекқызы	Жұмыс тобының мүшесі, №2 Кеңгір селосы орта мектебінің директоры
6	Жұмашева Гүлзада Нұралиқызы	Жұмыс тобының мүшесі, №6 Теректі негізгі мектебінің директоры

Малшыбай селосы кәмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу бойынша жедел әрекет ету үшін мобильді жұмыс топтың ҚҰРАМЫ

№	Аты-жөні	Қызмет орны
1.	Аянбаев Ерғазы Егізтайұлы	Жұмыс тобының басшысы, Малшыбай селосы әкімі
2.	Қарабеков Жантөре Егінбайұлы	Жұмыс тобы басшысының орынбасары, «Малшыбай селосының 15 негізгі орта мектебі» КММ директоры
3.	Көшімхан Абылай Бекболатұлы	Малшыбай селосының учаскелік инспекторы
4.	Алякбарова Зәуреш Мұхитқызы	Жұмыс тобының мүшесі, «Жезқазған қаласының білім бөлімі» ММ бас маманы

Талап селосы кәмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу бойынша жедел әрекет ету үшін мобильді жұмыс топтың ҚҰРАМЫ

№	Аты-жөні	Қызмет орны
1.	Битенов Ғабит Елтіндіұлы	Жұмыс тобының басшысы, Талап селосы әкімі
2.	Төлебаев Қалдеш Манатұлы	Жұмыс тобы басшысының орынбасары, №14 Талап орта мектебінің директоры
3.	Мунтенова Сайда Өсербайқызы	Жұмыс тобының хатшысы, №14 Талап орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4.	Калмекеев Қадырбек Жүзбайұлы	Жұмыс тобының мүшесі, Талап учаскелік полиция инспекторы
5.	Омарова Кулшат Сапарбекқызы	Жұмыс тобының мүшесі, Талап ауылының медбикесі

Егер Сізде кәмелетке толмағандардың құқықтары бұзылғандығы туралы ақпарат болса, тез арада **737029, 733125, 87052785323** телефон нөмірлеріне хабарласуды немесе Instagram парақшасына **@kdn_zhez** тікелей сілтеме жазуды сұраймыз.

Әлия ЖЫЛҚЫБАЕВА,
Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы

ЕРЕЖЕП – АЛЛАНЫҢ АЙЫ

Мұхаммед Пайғамбар (солаллаһу алейһи уәссәләм.): «Жәннатта бір өзен бар. Ол өзеннің аты – Ережеп. Сүттен ақ, балдан тәтті. Кімде-кім ережеп айында бір күн ораза тұтса, Алла-тағала ол кісіге сол өзеннен сусындауды нәсіп етеді»

Ережеп айының келуінің өзі – қасиетті Рамазан айының жақын қалғанын білдіреді. Сол үшін де бұл айларға ерекше құрметпен қараған дұрыс. Қазіргі уақыт сол қайырлы болған ережеп айы, яғни 13 ақпанда басталды. Бұл айдың қадір-қасиетін бағамдай білу, осы айда Алладан келер игіліктерді дұрыс, тиісті пайдалана білу өте маңызды. Алланың Елшісі (солаллаһу алейһи уәссәләм) айтады: «Алла үшін айлардың жақсысы – Ережеп айы. Ережеп – Алланың айы. Кім оны ұлықтаса,расында Алланың ісін ұлықтаған болады. Кім Алланың ісін ұлықтаған болса, ол нығметтерге толы жәннаттарға кіреді. Оған Алланың разылығы түседі. Шағбан – менің айым. Кім оны дәріптесе, расында менің ісімді дәріптеген болады. Кім менің ісімді дәріптеген болса, қиямет күні мен оның алдынан қарсы аламын және де ол үшін ахиреттің сыйы боламын. Рамазан айы – менің үмметімнің айы. Кім бұл айды құрметтесе, оның бағамын дәріптесе және оның шегінен шықпаса, күндізін оразамен, түнін құлшылықпен өткізсе, Рамазан айы шыққанша күнәлі істерден сақтанса, Алланың одан сұрар күнәсі қалмайды».

Алланың айы болғандықтан ережеп айының қадір-қасиетінің бағамы жоғары. Ережеп айы – біздің асыл дініміз исламдағы төрт тыйым салынған айдың бірі болып табылады. Бұл орайда «Неге тыйым салынған айлар деп аталады?» деген сауал туындауы әбден мүмкін. Бұл сұраққа жауап ретінде мынаны айтуға болады: «Арабтардың исламға дейінгі дәстүрі бойынша осы айларда Қағба аймағында адам өлтіруге, ұрыс-шайқастарға, тіпті аң аулауға тыйым салынған болып есептелген, яғни, адамдардың қанын төгу былай тұрсын, аңдардың да қанын төгуге тыйым салынған құрметті айлар». Сонымен қатар бұл айды «Раджаб әл-Фард» – «Жалғыз Ережеп» деп те айтады, өйткені аталмыш ай мұсылман күнтізбесінде өзге тыйым салынған, бірінен соң бірі келетін Зұлқағда, Зұлхижжа және Мұхаррам айларынан бөлек келеді. Ережеп айы осы үш айдан соң бес айдан кейін ғана келеді. Ережеп айында, Алланың қалауымен, Пайғамбарымыздың (солаллаһу алейһи уәссәләм) көкке көтерілуі «Миғраж түні» орын алған. Исламға дейін арабтарда Ережеп айында пұттарға құрбандық шалу дәстүрі болған. Ислам дініміздің келуімен бұл дәстүрдің көзі жойылған. Алла Тағала Қасиетті Құранда былай айтқан: «Расында Алланың қасында көктер мен жерді жаратқалы Алланың кітабындағы айлардың саны – он екі. Бұлардан төртеуі құрметті айлар. Міне, осы берік дін. Онда бұл айларда өздеріңе зұлымдық етпеңдер. Сондай-ақ мүшріктер сендермен түгел соғысқандай сендер де олармен түгелдей соғысыңдар. Әрі расында Алла тақуалармен бірге екенін біліңдер…» . Алла Тағала өз қалауымен осы төрт айды қадірлі еткен әрі мүміндерге бұл айларда күнә жасауға тыйым салған, алайда қалған сегіз айда мүміндер емін-еркін күнә жасай беруіне болады деген сөз емес, тек осы қадірлі айларда жасалған күнәларды Алла Тағала ерекше жек көретіндіктен тыйым салатын болған. Алла Тағаланың бізге нәсіп еткен қадірлі төрт айында өз амалдарымызға анағұрлым есеп беріп жүрейікші! Жүрегіміз бен жанымызды ретке келтірейік. Өміріміз бен жасап жүрген кәсібіміз туралы ойланайық.

Өзге адамдармен қарым-қатынас жасағанда не айтып, не қоятынымыз туралы ой жүгіртейік. Құранға деген ілтипатымызды дұрыстайық... Ниетімізді қолға алайық. Әр-бір амал ниетке байланысты іске асады емес пе, сол себепті, бірінші кезекте, біз өзіміздің ниетімізді жөндеп, бір-бірімізді кешіріп, әрі кешірім сұрай білейік. Шынайы түрде тәубемізге келейік. Алла Тағаладан кешірім сұрайық, қасиетті Рамазан айын таза жүрегімізбен қарсы алуға тырысайық. Бірнеше күн қатарынан нәпіл ораза ұстай білейік.. Нәпсімізді ауыздықтайық. Қажеті шамалы, мол тамақтан өзімізді тыйып, қарапайым тағамдарды ішіп-жеуге тырысайық. Қайырымдылықты ұмытпайық. Алла Тағала разылығына қол жеткізу үшін өзіміздің әліміз жететін қайырымдылықпен айналысайық, көршіңе тамақ істеп, не болмаса үйін жинап берсеңде бұл үлкен сауап екенін ұмытпағайсың. Және де дұға жасайық. Осы амалдарды орындап, ниет ете білу мұсылманның парызы. Біздің міндетіміз ерекше! Алла Тағала бізді мұсылман етіп жаратты әрі Исламды біздің дініміз етті. «Лә иләһа илляәЛлә» деп айту арқылы біз миллиардтаған адамдардан ерекшеленеміз әрі өзгеміз.Біздің міндетіміздің ерекшелігі – Алла Тағаланың қалауына бойұсынуымызда. Біле білген адамға, бұл деген үлкен құрмет әрі үлкен жауапкершілік! Алланың айы болған Ережеп – барша мұсылманға мүбәрәк болып, біздерді аман-есен Рамазан айына жетелесін! Әмин!

Нұрперзент ОМАРОВ,
Жезқазған қаласы
Ахмет ишан Оразайұлы атындағы
мешіттің бас имамы

Жезқазған қаласы әкімдігі
«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС
«Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігі

«МУЗЕЙ АТА» АТАНҒАН ӨЛКЕТАНУШЫ, ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ЕҢБЕК СІҢІРГЕН МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ Сүтемген Тақабайұлы БҮКІРОВТІҢ 100 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН АЙМАҚТЫҚ «ЖАС ӨЛКЕТАНУШЫ» АТТЫ ЖАСТАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ САЙЫСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен 2021 жылдың 4 мамыры күні өтетін **«Жас өлкетанушы»** атты аймақтық жастар мен жасөспірімдердің ғылыми жұмыстарының сайысын ұйымдастырудың тәртібін белгілей отырып, ең үздік ғылыми жұмысына қатысудың шарттары (ары қарай – Сайыс), сонымен қатар жеңімпаздарды анықтау тәртібі

2. Сайысты өткізу тәртібі мен оған қатысуы

2.1. Конкурсқа қатысу форматы сырттай, яғни қатысушының қатынасуын қажет етпейді. Сайысқа қатысушылар өз жұмыстарын электронды түрде электронды пошта арқылы жібереді.

2.2. Сайыс екі кезеңде өтеді:

Бірінші кезең – ұйымдастыру комитетіне өтінім мен сайыстың жұмыстарын жіберу.

Екінші кезең – сайыстың жұмыстарын сараптау, сайыстың жеңімпаздарын анықтау.

2.3. Сайысқа қатысу үшін оқушылардың өздері жазған немесе ғылыми жетекшінің көмегімен жазған зерттеу жұмыстары қабылданады.

2.4. Зерттеу бағыттары:

1. тарих;
2. филология;
3. қоғамтану;
4. география;
5. мәдениеттану.

2.5. Сайысқа қатысу үшін **ұйымдастыру комитетіне сәуір айының 10-на дейін** электронды пошта арқылы **«Жас өлкетанушы»** деп белгіленген өтініш пен тақырыпқа сай жазылған зерттеу жұмысын жеке файлда жіберу керек. Жұмыс еркін түрде безендіріледі.

Электрондық пошталар: (e-mail):
kabdol.auezov.78@mail.ru,
seifullina_biblio@mail.ru

2.6. Берілген жұмысты бағалау өлшемдері**:**

• ғылыми жаңашылдығы;
• қаралған мәселенің өзектілігі;
• құрылымның негізділігі және мазмұнының қисындылығы;
• стиль және мазмұнының мәдениеттілігі;
• арнайы әдебиетті пайдалануы және ақпаратты қолданудың түрлілігі;
• шеттілдік әдебиеттерді түпнұсқа тілінде қолданылуы;
• анализдың және ақпараттың өңдеуінің қазіргі әдісінің игерушілігі;
• меншікті ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінің болуы;
• автордың өзіндік жұмыс тәсілі;
• жұмыстың безендірілуі.

2.7. Кез келген сайыскер өзінің зерттеу жұмысын сайыстың электрондық жинағына жариялауға мүмкіндік алады. Баспаға арналған материалдар мақала ретінде безендіріліп ұйымдастыру комитетіне қосымша (**3**-ші) файл ретінде өтінім мен жұмыспен бірге жіберіледі.

2.8. Конкурстың қорытындысы бойынша комиссия жеңімпаздарды (I, II, III орын) анықтайды. **Жүлделі орындарға ақшалай сыйақы қарастырылған**. Жеңімпаздардың санына кірмеген қатысушылар, қатысушы дипломдарын алады. Жетекшілерге қорытынды бойынша оқушысын/студентін қатыстырғаны жайлы диплом беріледі. Барлық дипломдар пошта арқылы арнайы хатпен өтінімде көрсетілген пошталық мекен жайына жіберіледі. Өз материалы жарияланған сайыстың электронды жинақтары сайыскерлерге жіберіледі.

Жинақ PDF форматында баспадан шығып, авторлардың электронды поштасына қорытынды шыққаннан кейін 1 айдың ішінде жіберіледі.

3. Баспаға шығарылатын зерттеу жұмыстарын безендірудің талаптары:

3.1. Баспаға 3-4 беттен кем емес жұмыс қабылданады.

3.2. Жұмыстар Microsoft Word редакторында орындалуға тиіс: парақтың бағдарлауы – «книжный», формат А4, жиек жол беттің периметрінен 2 см болу керек, шрифт Times New Roman, шрифттің мөлшері 14 тең болу керек (таблицаға шрифтің мөлшері 12 болу керек), жоларалық интервал – 1,0, азат жол – 1 см. Беттер **НӨМІРЛЕНБЕЙДІ.**

3.3. Суреттер анық көрінетін болу керек. Суреттің атаулары мен нөмірлері суреттің **төменгі жағында**, ал таблица атауы мен нөмірлері **үстінгі жағында** болған жөн.

3.4. Қолданылған әдебиет тізімі алфавитті тәртіпте болу керек. Дерекнамаға сілтеме төртбұрыш жақшада болу тиіс (үлгі: [1, с. 233]).

Мақаланың тақырыбын безендіру үлгісі

МЕТОДИКА СОХРАНЕНИЯ И РЕСТАВРАЦИИ ХРАМОВ
И. И. Иванов
Карагандинский государственный университет имени Е.А. Букетова, г. Караганды

Текст, Текст.

Список литературы

1. Багалей Д. Очерки из истории колонизации степной окраины Московского государства [Текст] / Д.И. Багалей. – М.: Из Императорского об-ва истории и древностей России, 1887. – С. 87.
2. Васильев О.В. Домовые храмы вузов и действующее российское законодательство. Доклад на Первом фестивале православной студенческой молодёжи России [Электронный ресурс]. Режим доступа // htt: // www. pravoslavie.ru/ jurnal/ donhram.htm/ 14.10/ 2002.

Анықтама телефондары: **8 (7102) 737753, 711115**

Жауапты: Қабдол Жанділдәұлы Әуезов. ұ.т.: 87774866912

Жауапты: Ғалия Исламовна Ғазизова. ұ.т. 87773917067

Талаптар сақталмаған жағдайда немесе белгіленген мерзімнен кеш ұсынылса, сондай-ақ ғылыми қызығушылық білдірмейтін жұмыстар қабылданбайды және кері қайтарылмайды.

Ұйымдастыру комитеті

Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің басшысы Ләйла Батырқызы ӘЛКЕБАЕВА «2021 жылға арналған Жезқазған қаласының мемлекеттік мекемелерімен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы және «Электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді дәріптеу жөніндегі Медиа-жоспарға» сәйкес келесі мемлекеттік қызметтерді алу бойынша ақпаратты ұсынады:

«Тұрғын үй көмегін тағайындау»
«Мүгедек балаларға үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу»
«Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру»

ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН ТАҒАЙЫНДАУ

«Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызметі «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңы және «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысы негізінде көрсетіледі.

Тұрғын үй көмегі Жезқазған қаласында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) беріледі. Тұрғын үй көмегін:

• коммуналдық қызметтер және телефон байланысы қызметтері;

• жекешелендірілген тұрғын пәтерлерде тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді жалға алушылар болып табылатын азаматтарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

• жеке тұрғын үй қорынан әкімдік жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге алуға болады;

Тұрғын үй көмегі тағайындалмайды:

• жұмыс істемейтін, оқымайтын, армияда қызмет етпейтін еңбекке қабілетті жастағы адамдары бар отбасыларға және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген жұмыссыздарға (мүгедектер мен туберкулездің белсенді түрімен ауыратын, диспансерлік есепте тұрған адамдардан, сондай-ақ олар бір айдан астам стационарлық емделуде болған кезеңде, күтімге мұқтаж деп танылған I және II топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларға, 80 жастан асқан немесе 3 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеумен айналысатын адамдардан басқа);

• уәкілетті орган ұсынған жұмысқа орналастырудан, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналастырудан, кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, өз еркімен осындай жұмыстар мен оқытуға қатысуды тоқтатқан жұмыссыздарға;

• егер ата-анасы ажырасып, олармен бірге тұратын балаларға алимент өндіріп алу туралы талап қоймаса.

«Тұрғын үй көмегін тағайындау» қызметін көрсету мерзімі – 8 күнтізбелік күн.

Тұрғын үй көмегіне өтініш беру үшін **«Азаматтарға арналған үкімет»** (ХҚКО) мемлекеттік корпорациясына немесе мемлекеттік қызметті **egov.kz** электрондық үкімет порталы арқылы онлайн жүгіну қажет:

«Азаматтарға» деген бөлімінде – **«Жылжымайтын мүлік»** – **«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық»** – **«Тұрғын үй көмегін тағайындау»**.

Электрондық өтінішке қол қою үшін электрондық-сандық қолтаңба (ЭСҚ) қажет. ЭСҚ-ны екі тәсілмен алуға болады: тікелей ХҚКО-ға немесе интернетке қол жеткізе отырып, өз компьютеріңізден онлайн өтінім беру.

МҮГЕДЕК БАЛАЛАРҒА ҮЙДЕ ОҚЫТУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ

«Мүгедек балаларға үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік қызмет қарастырылған. Өтініштер қыркүйек айында қабылданады және оқу жылына жәрдемақы тағайындалады, ал мүгедектік мерзімін қайта куәландыру кезінде өтініштер оқу жылы бойы қабылданады.

Өтініш беруге арналған құжаттар тізбесі:

1. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін).
2. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы.
3. Мүгедектік туралы анықтама (нысан бойынша).
4. Банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат.
5. Мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнынан анықтама (нысан бойынша).

Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу үйде оқитын әрбір мүгедек балаға тоқсанға төрт айлық есептік көрсеткіш – 11668 теңге мөлшерінде төленеді.

Мүгедек балаларға (толық мемлекеттік қамсыздандырудағы мүгедек балалардан және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған мүгедек балалардан басқа) жұмсалған шығындарды өтеу отбасының табысына қарамастан, ата-анасының біреуіне немесе өзге де заңды өкілдеріне беріледі.

«Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» қызметін көрсету мерзімі – 10 күнтізбелік күн.

Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуге өтініш беру үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) жүгіну қажет және мемлекеттік қызметті **egov.kz** электрондық үкімет порталы арқылы онлайн алуға болады:

«Азаматтарға» деген бөлімінде – **«Әлеуметтік қамсыздандыру»** – **«Мүгедек адамдарды қолдау»** – **«Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу».**

Электрондық өтінішке қол қою үшін электрондық-сандық қолтаңба (ЭСҚ) қажет. ЭСҚ-ны екі тәсілмен алуға болады: тікелей ХҚКО-ға немесе интернетке қол жеткізе отырып, өз компьютеріңізден онлайн өтінім беру.

«ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ (ОТБАСЫНЫҢ) АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУШЫЛАРҒА ТИЕСІЛІГІН РАСТАЙТЫН АНЫҚТАМА БЕРУ»

Мемлекеттік қызмет «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының және мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және мемлекеттік білім беру ұйымдарында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан білім алушылары мен жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну туралы.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі: ағымдағы тоқсанда мемлекеттік қызмет алушының (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап болып табылады.

«Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру» қызметін көрсету мерзімі 15 минуттан аспайды.

Өтініш берушінің тиесілігін растайтын анықтама (отбасылар) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға жұмыспен қамту орталығы және **egov.kz электрондық үкімет** порталы арқылы онлайн алуға болады:

«Азаматтарға» деген бөлімінде – «Әлеуметтік қамсыздандыру» – «Отбасыларға көмек» – «Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру».

Электрондық өтінішке қол қою үшін электрондық-сандық қолтаңба (ЭСҚ) қажет. ЭСҚ-ны екі тәсілмен алуға болады: тікелей ХҚКО-ға немесе интернетке қол жеткізе отырып, өз компьютеріңізден онлайн өтінім беру.

«Жезқазған қаласы жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі» ММ

DÚISENBI

22 AQPAN

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:20 «Masele». 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «Нағыз әке». 13:30 «Тұлға». 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «Арта». 16:00 Телехикая. 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «НАҒЫЗ ӘКЕ». 23:00 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:50 «Оралу». 0:35 AQPARAT. 1:10 «Ashyq alań». 2:00 «Тұлға».

ХАБАР

6:00 «Отаным десем...». Досымжан Таңатаров. 8:00 «Сапарластар хикаясы». 9:15 «Ауылдастар 2». 10:15 «Qalamaimyn». 11:15 «Между небом и землей». 12:45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 13:15 «Бөрі». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Алпыстан асып барамын». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 Мегахит. «Кавалерия». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Баспанаға бағыт». 21:00 Итоги дня. 21:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 22:00 «Соңғы үміт». 23:30 «Әсем әуен». 1:00 «Ауылдастар 2».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союзмультфильм. 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Кекеш келін». 11:30 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ханзада Ли Сон». 14:00 М/ф «Маша и медведь». 14:50 «Вопреки всему». 15:50 «Отбасы». 16:20 «Ханзада Жумонг». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ханзада Ли Сон». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Райское место». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

КТК

07.05 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН". 07.30 "МӘССАҒАН. KZ". 08.00 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ". 07.30 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР". 09.25 "ИНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ". 10.10 "НЕЖНЫЕ ЛИСТЬЯ, ЯДОВИТЫЕ КОРНИ". 14.00 "ДЕВЯТЬ ДНЕЙ ДО ВЕСНЫ» . 16.00 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА". 18.00 "БІР КЕМ ДҮНИЕ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "МАРКУС". 23.30 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ". 01.15 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА". 02.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 02.45 "ТОЙ BESTSTAR". 03.50 "МӘССАҒАН.KZ". 04.20 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР". 05.00-05.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР .

7-АРНА

06.00 «Қуырдақ». 06.50 «Айна-online». 07.15 «Элиф». 09.00 «Машкин дом». 12.30 «Ерке мұң». 13.30 «Элиф». 15.30 «ИП Пирогова». 16.30 «Поездка за счастьем». 17.30 «Выбор матери». 18.30 «Спецы». 20.30 «Ерке мұң». 21.30 «Зың-зың Күлпәш». 22.20 «Жалдамалы қалыңдық». 23.20 Скетчком Q-елі. 23.40 «ИП Пирогова». 00.40 «Выбор матери». 01.40 «Поездка за счастьем». 02.40 «Айна-online». 03.10 «Жалдамалы қалыңдық». 04.00 «Зың-зың Күлпәш». 04.40 «Қуырдақ». 05.10 «Жеңіп көр».

ДИДАР

08.00 «Гороскоп». 08.05 Документальный фильм. 09.00 Мультфильм. 09.30 К/ф «Амангельды». 11.00 Деректі фильм. 11.25 Мультфильм. 11.45 Фильм «Биші қыз». 13.00 «Алаштың ардақтылары». 13.20 «Рухани жаңғыру. 13.45 Документальный фильм. 14.40 Фильм «Менің атым Қожа». 16.00 Хабарландыру. 16.15 Мультфильм. 16.30 Т/х «Айналайн». 17.00 Т/х «Айша». 18.00 Деректі фильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 18.50 Мультфильм. 19.10 «Жезкиік». 20.00 «Вакцина: міндет пен індет». 20.15 «Жерұйығым-Жезқазған». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 Фильм «М-агент». 23.00 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

АҚШАМ

09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Фильм. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Экстрасенсы-детективы. 17:00 Кел татуласайык. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайык. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

31-АРНА

06:00 Ризамын . 07:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері . 08:30 «Экстрасенсы детективы». 09:30 «Жазықсыз». 11:00 «Ананди». 13:00 КИНО. «Сокровище Амазонки». 15:20 Сериал «Воронины». 16:00 «Экстрасенсы детективы». 17:00 «Кел татуласайық». 20:00 Информбюро. 21:00 «Невиновный». 22:20 КИНО. «S.W.A.T.: Спецназ города ангелов». 01:00 КИНО. «Анаконда 2: Охота за проклятой орхидеей». 02:30 «Кел татуласайық» . 04:40 Әзіл студио.

SEISENBI

23 AQPAN

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 AQPARAT. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «Нағыз әке». 13:30 «Жан жылуы». 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «Тәуелсіздік тәуекелдері». 15:45 «Тәуелсіздік тарландары». 16:00 Телехикая. 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «НАҒЫЗ ӘКЕ». 23:00 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:50 «Оралу». 0:35 AQPARAT. 1:10 «Ashyq alań». 1:50 ФУТБОЛ. УЕФА ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ. 1/8 финал. «ЛАЦИО» (Италия) «Бавария» (Германия).

ХАБАР

6:00 «Уақыт». Тоқтар мен Бейбіт. 8:00 «Сапарластар хикаясы». 9:15 «Ауылдастар 2». 10:15 «Qalamaimyn». 11:15 «Между небом и землей». 12:45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 13:15 «Бөрі». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Алпыстан асып барамын». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 Мегахит. «Операция «Валькирия». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Баспанаға бағыт». 21:00 Итоги дня. 21:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 22:00 «Соңғы үміт». 23:00 Международный турнир по ММА. AMC Fight Nights. Прямая трансляция из Москвы.

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союзмультфильм. 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Кекеш келін». 11:30 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ханзада Ли Сон». 14:00 М/ф «Маша и медведь». 14:50 «Вопреки всему». 15:50 «Отбасы». 16:20 «Ханзада Жумонг». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ханзада Ли Сон». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet».3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Райское место». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР". 08.20 "ҚАРА ТЕҢІЗ". 09.30 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ". 10.10 НОВОСТИ. 10.50 "БЫЛО ДЕЛО". 12.00 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ". 14.00 "МАРКУС". 16.00 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА". 18.00 "БІР КЕМ ДҮНИЕ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "МАРКУС". 23.30 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ". 01.15 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА". 02.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 02.45 "ТОЙ BESTSTAR". 03.50 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР". 04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

7-АРНА

06.00 «Қуырдақ». 06.50 «Айна-online». 07.15 «Элиф». 09.00 «Смеяться разрешается». 10.30 «Спецы». 12.30 «Ерке мұң». 13.30 «Элиф». 15.30 «ИП Пирогова». 16.30 «Поездка за счастьем». 17.30 «Выбор матери». 18.30 «Спецы». 20.30 «Ерке мұң». 21.30 «Зың-зың Күлпәш». 22.20 «Жалдамалы қалыңдық». 23.20 Скетчком Q-елі. 23.40 «ИП Пирогова». 00.40 «Выбор матери». 01.40 «Поездка за счастьем». 02.40 «Айна-online». 03.10 «Жалдамалы қалыңдық». 04.00 «Зың-зың Күлпәш». 04.40 «Қуырдақ». 05.10 «Жеңіп көр».

ДИДАР

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайн». 10.00 Фильм «М-агент». 11.30 «Деген екен....». 12.00 Т/х «Айша». 13.00 «Дидар». 13.30 «Жерұйығым-Жезқазған». 13.45 «Вакцина: міндет пен індет». 14.00 «Жезкиік». 14.50 Мультфильмы. 15.30 Деректі фильм. 16.00 Хабарландыру. 16.15 Мультфильм. 16.30 Т/х «Айналайн». 17.00 Т/х «Айша». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 18.55 Деректі фильм. 19.35 «Бейне -сыр». 20.15 «Важно о вакцинации». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 К/ф «Алаяқтар». 23.30 «Дидар».

АҚШАМ

09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Сериал. 16:00 Экстрасенсы-детективы. 17:00 Кел татуласайык. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайык. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок

31-АРНА

06:00 Ризамын. 07:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 07:30 Информбюро. 08:30 «Экстрасенсы детективы». 09:30 «Жазықсыз». 11:00 «Ананди». 13:00 «What's Up?». 13:30 Сериал «Воронины». 16:00 «Экстрасенсы детективы». 17:00 «Кел татуласайық». 20:00 Информбюро. 21:00 «Невиновный». 22:20 Сериал «Паутина». 23:20 «Ананди». 01:20 «Кел татуласайық». 03:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 04:20 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

SÁRSENBI

24 AQPAN

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». 6:25 AQPARAT. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «Нағыз әке». 13:30 «ТҰЛҒА». 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу. 16:00 Телехикая. 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «НАҒЫЗ ӘКЕ». 23:00 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:50 «Оралу». 0:35 AQPARAT. 1:10 «Ashyq alań». 1:50 ФУТБОЛ. УЕФА ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ. 1/8 финал. «БОРУССИЯ МЕНХЕНГЛАДБАХ» (Германия) «МАНЧЕСТЕР СИТИ» (Англия).

ХАБАР

6:00 «Әмір-өзен». Ұлықпан Жолдасов. 8:00 «Сапарластар хикаясы». 9:15 «Ауылдастар 2». 10:15 «Qalamaimyn». 11:15 «Между небом и землей. 12:45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 13:15 «Бөрі». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Алпыстан асып барамын». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 Мегахит. «Антропоид». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Баспанаға бағыт». 21:00 Итоги дня. 21:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 22:00 «Соңғы үміт». 23:30 «Әсем әуен». 1:00 «Ауылдастар 2».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союзмультфильм. 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Кекеш келін». 11:30 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ханзада Ли Сон». 14:00 М/ф «Маша и медведь». 14:50 «Вопреки всему». 15:50 «Отбасы». 16:20 «Ханзада Жумонг». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ханзада Ли Сон». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Райское место». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР". 08.20 "ҚАРА ТЕҢІЗ". 09.30 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ". 10.10 НОВОСТИ. 10.50 "БЫЛО ДЕЛО". 12.00 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ». 14.00 "МАРКУС". 16.00 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА". 18.00 "БІР КЕМ ДҮНИЕ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "МАРКУС". 23.30 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ". 01.15 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА". 02.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 02.45 "ТОЙ BESTSTAR". 03.50 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР". 04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

7-АРНА

06.00 «Қуырдақ». 06.50 «Айна-online». 07.15 «Элиф». 09.00 «Смеяться разрешается». 10.30 «Спецы». 12.30 «Ерке мұң». 13.30 «Элиф». 15.30 «ИП Пирогова». 16.30 «Поездка за счастьем». 17.30 «Выбор матери». 18.30 «Спецы». 20.30 «Ерке мұң». 21.30 «Зың-зың Күлпәш». 22.20 «Жалдамалы қалыңдық». 23.20 Скетчком Q-елі. 23.40 «ИП Пирогова». 00.40 «Выбор матери». 01.40 «Поездка за счастьем». 02.40 «Айна-online». 03.10 «Жалдамалы қалыңдық». 04.00 «Зың-зың Күлпәш». 04.40 «Қуырдақ». 05.10 «Жеңіп көр».

ДИДАР

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайн». 10.00 «Дидар». 10.15 К/ф «Алаяқтар». 12.00 Т/х «Айша». 13.00 «Дидар». 13.30 «Вакцина: міндет пен індет». 13.45 «Бейне -сыр». 14.25 Мультфильм. 14.55 «Ән шашу». 15.20 Деректі фильм. 16.00 Хабарландыру. 16.15 Мультфильм. 16.30 Т/х «Айналайн». 17.00 Т/х «Айша». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 18.50 Мультфильм. 19.05 Деректі фильм. 19.30 «Жезкиік». 19.50 «Жерұйығым-Жезқазған». 20.05 «Актуально». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 К/ф «Жаушы». 23.00 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

АҚШАМ

09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Сериал. 16:00 Экстрасенсы-детективы. 17:00 Кел татуласайык. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайык. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

31-АРНА

06:00 Ризамын. 07:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 07:30 Информбюро. 08:30 «Экстрасенсы детективы». 09:30 «Жазықсыз». 11:00 «Ананди». 13:00 «What's Up?». 13:30 Сериал «Воронины». 16:00 «Экстрасенсы детективы». 17:00 «Кел татуласайық». 20:00 Информбюро. 21:10 «Невиновный». 22:30 Сериал «Паутина». 23:30 «Ананди». 01:30 «Кел татуласайық». 03:40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері 04:20 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

BEISENBI

25 AQPAN

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». 6:25 AQPARAT. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «Нағыз әке». 13:30 «Тәуелсіздік тарландары». 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «Қымбат жандар». 16:00 Телехикая. 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ТАҢШОЛПАН». 23:00 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:50 ФУТБОЛ. УЕФА ЕУРОПА ЛИГАСЫ. 1/16 финал. 1:50 ФУТБОЛ. УЕФА ЕУРОПА ЛИГАСЫ. 1/16 финал.

ХАБАР

6:00 «Күзгі әуен». Ақбота Керімбекова. 8:00 «Сапарластар хикаясы». 9:15 «Ауылдастар 2». 10:15 «Qalamaimyn». 11:15 «Между небом и землей». 12:45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 13:15 «Бөрі». 15:00 «Бүгін». 16:00. «Алпыстан асып барамын». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 Мегахит. «Помпеи». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 22:00 «Соңғы үміт». 23:30 «Әсем әуен». 1:00 «Ауылдастар 2».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союзмультфильм. 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Кекеш келін». 11:30 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ханзада Ли Сон». 14:00 М/ф «Маша и медведь». 14:50 «Вопреки всему». 15:50 «Отбасы». 16:20 «Ханзада Жумонг». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ханзада Ли Сон». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Райское место». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей»

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ". 08.20 "ҚАРА ТЕҢІЗ". 09.30 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ". 10.10 НОВОСТИ. 10.50 "БЫЛО ДЕЛО". 12.00 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ". 14.00 "МАРКУС". 16.00 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА". 18.00 "БІР КЕМ ДҮНИЕ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "МАРКУС". 23.30 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ". 01.15 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА". 02.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 02.45 "ТОЙ BESTSTAR". 03.50 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР". 04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

7-АРНА

06.00 «Қуырдақ». 06.50 «Айна-online». 07.15 «Элиф». 09.00 «Смеяться разрешается». 10.30 «Спецы». 12.30 «Ерке мұң». 13.30 «Элиф». 15.30 «ИП Пирогова». 16.30 «Поездка за счастьем». 17.30 «Выбор матери». 18.30 «Спецы». 20.30 «Ерке мұң». 21.30 «Зың-зың Күлпәш». 22.20 «Жалдамалы қалыңдық». 23.20 Скетчком Q-елі. 23.40 «ИП Пирогова». 00.40 «Выбор матери». 01.40 «Поездка за счастьем». 02.40 «Айна-online». 03.10 «Жалдамалы қалыңдық». 04.00 «Зың-зың Күлпәш». 04.40 «Қуырдақ». 05.10 «Жеңіп көр».

ДИДАР

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайн». 10.00 «Дидар». 10.15 К/ф «Жаушы». 12.00 Т/х «Айша». 13.00 «Дидар». 13.30 «Актуально». 13.55 «Жерұйығым-Жезқазған». 14.10 «Жезкиік». 14.30 Мультфильм. 15.00 «Ән шашу». 15.30 Деректі фильм. 16.00 Хабарландыру. 16.30 Т/х «Айналайн». 17.00 Т/х «Айша». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 19.05 Деректі фильм. 19.30 «Жас time». 19.55 «Дәрігер кеңесі». 20.15 «Қылмыс пен тұрмыс». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.30 Фильм «Белорусский вокзал». 23.30 «Дидар».

АҚШАМ

09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Сериал. 16:00 Экстрасенсы-детективы. 17:00 Кел татуласайык. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайык. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

31-АРНА

06:00 Ризамын. 07:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 07:30 Информбюро. 08:30 «Экстрасенсы детективы». 09:30 «Жазықсыз». 11:00 «Ананди». 13:00 «What's Up?». 13:30 Сериал «Воронины». 16:00 «Экстрасенсы детективы». 17:00 «Кел татуласайық». 20:00 Информбюро. 21:00 «Невиновный». 22:20 Сериал «Паутина». 23:20 «Ананди». 01:20 «Кел татуласайық». 03:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 04:20 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

JUMA

26 AQPAN

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». 6:2 AQPARAT. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «Таңшолпан». 13:30 «Иман өзегі». 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «ӘЛЕМ АЙНАСЫ». 15:30 «АЛТЫН БЕСІК». 16:00 Телехикая. 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ТАҢШОЛПАН». 23:00 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:50 «Оралу». 0:35 «PARASAT MAIDANY». 1:10 AQPARAT. 1:45 «Ashyq alań».

ХАБАР

6:00»Қарашаңырақ». Серік Сейітманның авторлық кеші. 8:00 «Сапарластар хикаясы». 9:15 «Teleport». 10:15 «Qalamaimyn». 11:15 «Между небом и землей». 12:45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 13:15 «Дала қырандары». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Алпыстан асып барамын». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 Мегахит. «Война Богов: Бессмертные». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 22:00 «Соңғы үміт». 22:30 Международный турнир по ММА. ACA-118. Прямая трансляция из Сочи.

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союзмультфильм. 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Кекеш келін». 11:30 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ханзада Ли Сон». 14:00 М/ф «Маша и медведь». 14:50 «Вопреки всему». 15:50 «Отбасы». 16:20 «Ханзада Жумонг». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ханзада Ли Сон». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Райское место». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ". 08.20 "ҚАРА ТЕҢІЗ". 09.30 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ". 10.10 НОВОСТИ. 10.50 "БЫЛО ДЕЛО". 12.00 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ". 14.00 "МАРКУС". 16.00 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА". 18.00 "БІР КЕМ ДҮНИЕ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ". 20.35 "KTKweb". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "БОЕЦ. РОЖДЕНИЕ ЛЕГЕНДЫ". 23.40 "ШУТКА". 01.20 "ЛИЧНОСТЬ НЕ УСТАНОВЛЕНА". 02.05 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ". 02.30 "KTKweb". 02.50 "ТОЙ BESTSTAR". 04.00 "ҚАЙРАН ҚАРТТАР". 04.40-05.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР..

7-АРНА

06.00 «Қуырдақ». 06.30 «Айна-online». 07.15 Элиф». 09.00 «Смеяться разрешается». 10.30 «Спецы». 12.30 «Ерке мұң». 13.30 «Элиф». 15.30 «ИП Пирогова». 16.30 «Дизель шоу». 17.45 Шоу «Маска». 20.30 «Ерке мұң». 21.30 «Тамаша». 22.20 «Жалдамалы қалыңдық». 23.20 Скетчком Q-елі. 23.40 «ИП Пирогова». 00.40 Х/ф «Слуга Народа». 02.40 «Айна-online». 03.10 «Жалдамалы қалыңдық». 04.00 «Тамаша». 04.50 «Қуырдақ». 05.10 «Жеңіп көр».

ДИДАР

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайн». 10.00 «Дидар». 10.15 Фильм «Белорусский вокзал». 12.00 Т/х «Айша». 13.00 «Дидар». 13.30 «Қылмыс пен тұрмыс». 13.45 «Дәрігер кеңесі». 14.05 «Жас time». 14.25 Мультфильм. 15.00 «Ән шашу». 15.30 Деректі фильм. 16.00 Хабарландыру. 16.30 Т/х «Айналайн». 17.00 Т/х «Айша». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 Хабарландыру. 19.05 Мультфильм. 19.20 Деректі фильм. 19.45 «Алтын Орда аманаты». 20.15 «Вакцина: міндет пен індет». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 Фильм «В бой идут одни старики». 23.30 «Дидар»..

АҚШАМ

09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Мультфильм. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Сериал. 16:00 Экстрасенсы-детективы. 17:00 Кел татуласайык. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайык. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок

31-АРНА

06:00 Ризамын. 06:40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 07:20 Информбюро. 08:30 «Экстрасенсы детективы». 09:30 «Жазықсыз». 11:00 «Ананди». 13:00 КИНО. «8 лучших свиданий». 15:00 Сериал «Воронины». 16:00 «Экстрасенсы детективы». 17:00 «Кел татуласайық». 20:00 Информбюро. 21:00 «Невиновный». 22:20 КИНО. «Денежный поезд». 00:50 КИНО. «Бункер». 02:30 «Кел татуласайық». 04:40 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

SENBI

27 AQPAN

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». 6:30 «Ғасырлар үні». 7:10 AQPARAT. 7:45 «Әндер мен жылдар». Концерт. 9:00 «ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ». Д/ф. 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «Nur tileu». Сұхбат. 12:35 «ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘУЕКЕЛДЕРІ». 13:20 Талант Арғынғалидың концерті. 15:20 «Сүймегенге сылтау көп». К/ф. 17:00 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу. 18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 «MASELE». 20:30 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». Музыкалық талант-шоу. 22:15 «Azil alemi». 23:00 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:50 «ЖАҚСЫЛЫҚ». К/ф. 1:50 «Masele». 2:20 «Nur tileu». Сұхбат.

ХАБАР

6:00 «Олжалы отбасы». 6:30 «Ай-хай, 25». Төреғали Төреәлі. 8:45 «Bas times». 9:50 «Өзін-өзі тану». 10:00 «Tangy fresh». 11:00 «Кім мықты?». 12:00 Бір туынды тарихы. «Алтайдың ар жағынан келген ару». 12:45 «Хит жазамыз». 14:00 Кино. «Районы». 15:30 Телехикая марафоны. «Алпыстан асып барамын». 19:00 «Дала battle». 20:00 «Отдел журналистских расследований». 21:00 «7 күн». 22:00 Ток-шоу «Хабарлас». 23:00 «Бөрі».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Кекеш келін». 11:30 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ханзада Ли Сон». 14:00 Х/ф «Любовь над облаками». 17:30 «Ал

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН

Қазақ тіліндегі «ұста» сөзінің қалыптасуы жөнінде бірнеше пікір бар. Мысалы, К. Юдихин «ұста», «шебер» мағынасындағы иран сөзі «оста» десе, Л. Будаков ұстаның мағынасы парсы тілінде «остад», «устад», «ұстаз» сөздерімен байланысты деп қарайды. Ұсталық кәсіп орта ғасырларда ерекше қарқын алады. Қару-жарақ, ер-тұрман, мүліктердің сан алуан түрлері дүниеге келеді. Тұрмысқа қажетті тұтыну бұйымдарын, әшекейлерді, қару-жарақтарды жасаған ұсталар ел арасында аса құрметті болған. Ұсталарды «қара ұста», «ақ ұста» деп екі топқа бөлген. Қара ұсталар – темір, мыс, жез сияқты металдармен жұмыс істейтін шеберлер. Ал, ақ ұсталар – қара ұстаның жұмысын түгел меңгерген, бағалы (алтын, күміс, т.б.) металдармен, асыл тастармен нәзік, көркем бұйымдар жасайтын қолы қарықты адамдар.

Ұста-зергерлерді қолдан қолға тигізбей, қолқа салып, керек бұйымдарын жасатқан. Ауқатты адамдар ұл-қыздарына арнап ат әбзелдері, музыка аспаптары, үй жиһаздарын, т.б. көптеген зергерлік бұйымдарын жасатарда ауызша шарт жасасып, қол алысып келіскен. Ұста-зергерлерге жұмыс істейтін үй тігіп, жұмыс істеуге қажетті шикізаттармен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп, олардың еңбегін, қолақысын малмен өтеп отырған.

Ұсталардың жұмыс істейтін орнын ертеректе «дүкен» деп атаған, қазір шеберхана, ұстахана дейді. Бұрын дүкенді кәдімгі киіз үйге, шыбықтан тоқылып, іші-сырты сыланған шошалаға, шикі кірпіштен соғылған там үйлерге құра беретін. Ұста ең алғаш дүкен құрған күні мал сойып, арнаулы ас беретін. Осы ырымды «дүкен майлау» деп атаған. Дүкенге түрлі бұйымдар соқтырып алу үшін адамдар кіріп-шығып жүреді, ақсақалдар жиналып, мәжіліс құрады. Сонымен қатар түрлі аңыз-әңгімелер айтылады.

Ежелден қазақ халқы үшін киелі кәсіп болған ұсталық өнер бүгінде өз маңызын жоғалтқан жоқ. Ата кәсіпті серік етіп, жас ұрпаққа насихаттаумен айналысып жүрген шеберлеріміз баршылық. Дәл осындай «темірден түйін түйетін» шеберлеріміздің бірі – танымал ұста, суретші-қалпына келтіруші, «Мұражай ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері **Ерғазы Исатайұлы**.

Қолданбалы өнерді насихаттау мақсатында шебер Ерғазы Исатайұлы Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде «Жас өлкетанушылар» үйірмесінің қатысушыларына «Қазақ халқының тұрмыстық мәдениеті» атты шеберлік сабағын өткізді. Шеберлік сабағында шебердің шеберханасы, құрал-саймандары жөнінде баяндап, ұсталық өнердің қыр-сырымен бөлісті. Қазақ батырының бес қаруы мен ат әбзелдерін қолдан жасаудың әдістерін үйретті.

Музейде орналасқан батырдың бейнесі мен сауыт-саймандары – Ерғазы шебердің қолынан шыққан көркем туынды. Шеберлік сабағында батырдың сауыттарына тоқталды. Сондай-ақ, металл, тері, ағаш өңдеудегі негізгі тәсілдер мен қажетті құралдар жөнінде айтылды. Арнайы әзірленген көрмеге шебердің қолынан шыққан туындылар, ұстазы Дәркембай Шоқпарұлының ұсталық өнер туралы жазылған кітаптары қойылды.

Жас өлкетанушылар «темірге тіл, жаңқаға жан бітіретін» шебердің сабағынан ерекше әсер алды. «Ата өнері – балаға мұра» деп халық нақылында айтылғандай, жас ұрпақ ата кәсібімізді ұмытпай, болашақта жаңғыртады деп сенеміз.

Эльвира МҰХАМЕДИНА,
Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ғылыми қызметкері

Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің көрме залы жезқазғандықтарға жаңа тартуын паш етті. Шара Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейлі тойы аясында ұйымдастырылды. Бұл жолғы көрме білім беру саласының озық қызметкері, ұлағатты ұстаз, еңбек ардагері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ұлытау-Жезқазған өңіріне танымал фототілші, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы 1936-2007 жылдар аралығында өмір сүрген Бекет ТҮБЕКОВТІҢ өмірі мен шығармашылығына арналды.

ҰСТАЗ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Көкшетау жерінде дүниеге келіп, Атбасар қазақ орта мектебін бітірген, 1954 жылы Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетіне тәмамдаған Бекет Түбеков мысты шаһардағы Қабден Шыңғысов, Зоя Урумова, Ләмиға Асылбекова сынды ұстаздардан тәлім алып, озық тәжірибе жинайды. Ол Жезқазған медициналық колледжінде де ұстаздық етті. 1967 жылдан Жезқазған құрылыс техникумында математика және физика пәндерінің оқытушысы болып, зейнетке шықты. 45 жылдық ұстаздық жолында ол көптеген елге белгілі талапты шәкірттер даярлады.

«Елінің елеулі азаматы: ұрпаққа үлгі» деп аталған шара алдымен Қазақстан Республикасы Әнұранын шырқаумен басталды. Одан әрі салтанатты түрде еліміздің Көк Байрағы ішке енгізілді.

Аталған шараға қонақ болған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының директоры, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Ғазиз Ештанаев пен Бекет Ахметұлының інілері Түрікпен Оспанұлы, Айранбай Базарқұлұлы және ұрпақтары Нұриден Бекетұлы, Ләззат Бекетқызы қонақ болып, аймақ мақтанышына айналған Бекет Түбеков жайлы сырлы естеліктерімен бөлісті.

Одан әрі көрменің ашылу лентасы қиылды. Лента қию рәсімі Бекет Түбековтің ұлы Нұриден Бекетұлы мен ақын Ғазиз Ештанаевқа табысталды. Шара барысында қаламыздағы Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы Нұрперзент Омаров көрме кейіпкерінің рухына құран бағыштады. Қорытынды сөз алған Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің басшысы Раушан Қапарова көрме қонақтарына естелік сыйлықтар табыс етті.

Ай СҮГІР

Тәуелсіздік жылнамасы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

1996 жыл

• 4 сәуірде ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев жұмыс сапарымен Жезқазғанға келіп, «Жезқазғантүстіметалл» акционерлік қоғамының жаңадан іске қосылған Анненск шахтасында болды.

• 16 сәуірде Елбасы Н.Назарбаев қызмет бабымен Жезқазғанға келіп, Жезқазған облысы әкімі қызметін атқарған Қ.Нағымановтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты облыстың жаңа әкімі Е.Смайыловты облыс жұртшылығына таныстырды.

• 16 қыркүйекте Қазақстанның «Бөбек» балалар қайырымдылық қорының президенті С.А.Назарбаеваның ұсынысымен Жезқазғанда «Сәби» балалар қоры құрылды.

• 4 қазанда қаладағы педагогикалық және тау-кен институттары біріктіріліп, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті құрылды.

• 4 желтоқсанда Жезқазған қаласы әкімінің денсаулық саласына үлес қосқан дәрігер Нәби Ранұлы Рановтың есімін есте қалдыру мақсатында қаладағы Суворов көшесін Н.Р.Ранов көшесіне өзгерту туралы №1010/12 шешімі шықты.

• Жезқазғандық Нұржан Ербосынов кик-боксингтен Еуропа чемпионы атанды.

1997 жыл

• 3 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімшілік аумақтық құрылымдарды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №3483 Жарлығына сәйкес Жезқазған облысы таратылып, оның территориялық аумағы Қарағанды облысының құрамына берілді.

• 12 шілдеден бастап бұрынғы облыстық редакцияның базасында құрылып, қайтадан ұйымдастырылған «Сарыарқа» қалалық қоғамдық-саяси газеті шыға бастады.

• 12 шілдеден бастап «Жезказганская газета» қалалық қоғамдық-саяси газеті шыға бастады.

• «Үміт» балалар үйі ашылды.

• Облыс телерадиокомпаниясының таратылуына байланысты бұрынғы материалдық-техникалық база негізінде «Дидар» телерадиохабарлары қалалық дирекциясы құрылды.

• Баланстық құны 77 млн. АҚШ доллары тұратын, кәсіпорын еңбеккерлерінің бас емдеу – профилактикалық мекемесі болып табылатын «Қазақмыс» корпорациясының медициналық орталығы пайдалануға берілді.

• «Наурыз» паркінде XX ғасырдағы тоталитарлық мемлекеттік режимнің құрбандарына айналған жазықсыз жандарды мәңгілік есте қалдыру мақсатында «Қуғын-сүргін құрбандарына» ескерткіш қойылды.

• Жекешелендіру бағдарламасына сәйкес барлық ОДА-лар (Отбасылық дәрігерлік амбулаториялар) жекешелендірілді.

• «Алматы-Жезқазған-Алматы» бағытында қатынайтын №101/102 жүрдек жолаушылар пойызы ашылды.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві

COVID-19

АУРУДЫ ЖАСЫРМАУ ҚАЖЕТ

Қазіргі таңда тек біздің елде ғана емес, күллі әлемде үрей тудырған індет **COVID – 19** әлі күнге дейін жалғасып жатыр. Бір жылдан асқан уақытта мыңдаған адамның өмірін алып кеткен бұл індет бүгінде ең негізгі проблемалардың бірі болып табылуда. Қаншалықты карантин шаралары жасалып, қаншама вирусты аурулардың алдын алу жолдары жасалса да коронавирусты жеңу оңайға соғып жатқан жоқ. Әсіресе, отбасылық амбулаторияларда «Д» есепте созылмалы аурулармен тұратын науқастар, жасы үлкен қариялар ең бірінші болып осы індетке шалдығуда.

Дәрігер ретінде науқастардан сұрайтынымыз, бұл ауру о бастағыдай қазіргі кезде аты шулы болмаса да, қаншалықты тынышталғанымен, алданбау керек. Себебі қыс бітіп, күн жылына бастаған кез – вирустар үшін өте қолайлы мезгіл. Кез келген адамның ауырып немесе осы індетті басқа біреуден жұқтырып алуы ғажап емес. Карантин шараларын сақтаңыздар! Адам көп жиналатын орындарға бармауға тырысыңыздар. Қайда барсаңыз да дүкендерде, сауда орталықтарында, аурухана ішінде бетперде киіп жүріңіздер. Егерде жедел респираторлы вирусты инфекция (ОРВИ) симптомдарын байқасаңыздар, оны «ауруханаға жатқызып тастайды» деген қорқынышпен жасырып қалмау керек. Қазір отбасылық амбулаторияларда арнайы мобильді бригадалар бар. Үйге дәрігер шақырсаңыз, арнайы форма киген мобильді бригада келіп, мұрын және тамақ қуысынан анализ алып, арнайы ем-шараларын тағайындайды. Уақытылы дәрігердің көмегіне жүгіну арқы Сіз өзіңіздің де, өзгенің де денсаулығын ауыр індеттен қорғай аласыз. Қазақ халқы бұған дейін де талай індет пен зұлматты бастан өткергенін тарихтан білеміз. Сондықтан бір-бірімізге бауырмалшылықпен, адамгершілікпен, зор жауапкершілікпен қарасақ, бұл індетті де бірге жеңіп шығарымыз анық.

Дархан МАННАП,
«Бәйменова» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының отбасылық дәрігері

МЕРЕЙ

Ұстаз деген сөз біз үшін қашанда қадірлі, қасиетті саналады. Небір данышпан да, қарапайым еңбек адамы да осы ұстаз алдынан өтеді. Ал, ұстаз болу – кез-келген адамның қолынан келе бермейтін іс. Сондықтан, осы құрметті атаққа кір келтірмей, бар саналы ғұмырын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге аямай жұмсаған ұлағатты ұстаздар арамызда аз емес. Сондай жандардың бірі – Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, біліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңмен сәйкес еңбек жолын бастап, білім саласында отыз жыл абыройлы еңбек етіп келе жатқан Қарағанды техникалық университетінің инновациялық технологиялар колледжінің директоры Нұрбибі Әбсадыққызы СМАҒҰЛОВА.

БІЛГІР ҰСТАЗ, БІЛІМДІ БАСШЫ

Тәуелсіз елімізбен бірге дамып, жаңа заманның ауыр жүгін қайыспай көтере білген ұстаз, басшы Нұрбибі Әбсадыққызы өз ісіне берілген жан. Ол үнемі ізденіске толы өмір жолында қарапайым мұғалімдіктен мекеме басшысына дейінгі өнегелі баспалдақтардан өтті. Жастайынан білімге құштар жан талай биіктерді бағындырды. Ол бұрынғы Жезқазған облысы, Қарсақбай кентінде дүниеге келіп, мектепті бітірісімен Жезқазған педагогика институтының филология факультетіне оқуға түсіп, одан кейін Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің филология факультетін бітіріп шықты. Алғашқы еңбек жолын мектепте ұстаздықтан бастап, қазіргі күні қасиетті қара шаңырақ Қарағанды техникалық университетінің жанынан ашылған колледжде басшылық қызмет атқаруда. Мұнда да басшылық келбетімен көрінді. Алдына таудай мақсат қойып, өңіріміздің қоғамдық өміріне де белсене араласты. «Қазақстан» халқы Ассамблеясы жанындағы аналар кеңесінің мүшесі, бірнеше жыл Қарағанды техникалық университетінде кураторлар кеңесінің мүшесі қызметін де атқарды.

Нұрбибі Әбсадыққызы – сабақ беру барысында өзінің пәніне деген сүйіспеншілігін, теориялық және практикалық білім деңгейінің жоғары екенін көруге болады, өз ісін жетік меңгерген, шығармашылық ізденіспен жұмыс жасайтын қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда қазіргі заманға сай әдіс-тәсілдерді қолдана білетін маман. Басшы ретінде әр студентті жете зерттеп, олардың шығармашылық қасиеттерін арттыра отырып, қабілеті жоғары студенттерге ерекше көңіл бөледі.

Елеулі еңбек қашанда ескерусіз қалмайды. Білім саласындағы жемісті еңбегі үшін білікті басшы көптеген республикалық, облыстық, қалалық дәрежедегі мақтау қағаздарымен, дипломдар мен алғыс хаттармен марапатталды. Нұрбибі Әбсадыққызы – білікті басшы, ұстаз ғана емес, отбасында үлгілі ана, сүйікті жар, бақытты әже. Иә, «Жақсы адам ғана жақсы басшы бола алады» демекші, білікті басшы, шығармашыл тұлға, ұжым мақтанышы. Жан-жағына жақсылық пен ізгілік нұрын шашып жүретін Нұрбибі Әбсадыққызы өзі басқаратын ұжымды тек биік белестерге жетелеп келе жатқанын ерекше атап өткеніміз жөн. Сондықтан, білім сапасының артуына өз үлесін қосып, талай жыл талмай-қажымай еңбек етіп келе жатқан ол кісінің өз тұғырынан түспей, әлі де біраз белесті бағындыра беретініне сеніміміз мол. «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деп Абай хәкім айтпақшы, әрбір ісіңіз жеңіске жетіп жатса, оның артында ұстаздың бір тамшы болса да еңбегі барын есте сақтаңыз.

Гүлжазира УМИРБЕКОВА,
ҚарТУ инновациялық технологиялар колледжінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қарағанды қаласы

ЕЛІНІҢ ТЫНЫШТЫҒЫН ҚОРҒАҒАН

Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп жүріп, елден жыраққа аттанған қайсар жүрек, өр рухты азаматтардың бір парасы біздің қаламызда да бар. Солардың бірі – Қайсар БИМҰРАТОВ.

1997 жылы Алматы облысының Шонжы ауданындағы 2534 әскери бөліміне қабылданған ол арнайы оқу-жаттығулардан соң 1 жылдан кейін тәжік-ауған шекарасына аттанады. Сынбас жігер мен беріспес батылдықтың ерен үлгісін көрсетіп, қаупі мол, қатері көп өзге елдің шекарасына аттану – кез келгеннің қолынан келетін іс емес. Осы жолда жезқазғандық жауынгерлердің де еңбегі ерекше. Бүгінде қаламызда тәжік-ауған шекарасын қорғауға қызмет еткен 27 жауынгер бар. Әрқайсысы бір-бір үйдің тірегіне айналған олар үшін 7 ақпан мен 9 сәуір аралығы – ерекше күндер. Себебі дәл бұл күндер «Ерлік айлары» болып есептеледі.

– Арнайы оқу-жаттығудан өткен соң тәжік-ауған шекарасына аттандық. Алғашқыда көңілде қорқыныш пайда болғаны жасырын емес. Жалпы аталған шекараны қорғау 1992 жылдан 2001 жылға дейін жалғасты. Бір топ қазақстандықтарды осы шекараға жіберді. Сол кезеңдерде шекарадан өткісі келетін теріс ағым өкілдері, заңсыз қару-жарақ тасымалдаушылар өте көп еді. Міне, біз солармен күрестік. Оларды шекарадан өткізбей, қолға түсіріп отырдық. Періштеміз жебеп, елге аман-есен оралып, отбасымызбен қауыштық. Елге оралған соң құтқарушы болып жұмыс істегенді жөн көрдім, – деген Қайсар Бимұратов әскерден әбден шыңдалып келген ол үшін құтқарушылық кәсіп айтарлықтай қиын болмағанын айтады.

Түзде де, ел ішінде де өз қызметіне зор жауапкершілікпен қарап, лайықты еңбек ете білетін ол кәсібінде де көзге түсіп, ел алғысын арқалап жүр.

Еліміздің 47 өңірінде тәжік-ауған шекарасын қорғаған жауынгерлердің бастамасымен құрылған 47 қоғамдық бірлестік бар екен. Солардың бірі біздің сүйікті қаламызда да құрылды. Бүгінде оны Қайсар Бимұратов басқарып отыр. Ерлер еңбегін елі ұмытпауы қажет дейтін ол осынау қоғамдық бірлестік құрылғалы майдандас достарымен бірге біраз игі істерге бастамашы болып, көпке үлгі болудан танған емес. Соның бір айғағы – аға лейтенант Александр Комаровты еске алуға арналған келелі жиын. Аталған шарада ол оқыған № 14 мектепке батырға арналған көктас орнатылды. Сондай-ақ қазіргі таңда мектеп ішінде музей ұйымдастырылып жатыр. Ерліктен сыр шертетін бұл музей 7 сәуірде ашылады деп жоспарлануда. Жеңіс елді-мекенінде де ержүрек жауынгер Ернар Мақажановқа көше есімі беріліп, көктас қойылды.

Алдағы күндері Қайсар Бимұратовтың бастамасымен Жезқазған қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма базасынан оқушыларға арналған патриоттық даярлау орталығы ашылмақ.

– Қазір көп жастар тарихымызды, бабалар жолын білмейді. Олар физиологиялық тұрғыдан да нәзік болып бара жатыр. Ең өкініштісі, жастар әскерден қашуға даяр тұрады. Яғни, әскер қатарына шақырылса, барғылары келмейді. Себебін сұрасақ, өздері де нақты жауап айта алмайды. Тек ұялы телефонның шырмауында өскен оларға оның ішіндегі қызылды-жасылды, сауық-сайранға толы әлемнен бөлек өмір жоқ сияқты сезінеді. Соны түзету мақсатында біз оқушыларға ерте бастан әскери оқу-жаттығулар мен құтқару жұмыстары барысын кеңінен таныстырғанды жөн көрдік. Белгіленген уақыт ішінде тәртіпке сай түрлі салалар бойынша құтқару жұмыстарын үйреніп шыққан жастардан емтихан алынып, арнайы сертификат немесе куәліктер берілетін болады. Бұл берілген құжаттың әскерге барғанда, жұмысқа қабылданғанда айтарлықтай көмегі болады, – деген ол аталған жоспар келесі жылдан бастап жүзеге асырылатынын айтты.

Жезқазған қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасы ішінде Қазақстан Республикасы Қарулы күштері және тарихтағы қанды қырғындардан тереңірек мәлімет беретін музей ашу да жоспарда бар.

Құтқарушы болып 20 жылдан аса еңбек етіп жүрген Қайсар бүгінде 8 баланың әкесі. Өз балаларына әрдайым Отанын сүюді, туған жерін қорғауды жалықпай айтып отыратын ол ендігі тілерім – аспанымыз ашық болып, Тәуелсіздігіміз мәңгі болуы ғана дейді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН